Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 13 (1224)

04.04.2025

alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti

ӨЗЕКТІ

НЕМЕРЕЛЕРДІ ҚАЛАЙ ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ?

АТАҚТЫ ДУБАЙДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН ШЕЙХ МҰХАММЕД ИБН РАШИД ӘЛ-МАҚТЫМ ЕЛІНІҢ БОЛАШАҒЫ ТУРАЛЫ: «МЕНІҢ АТАМ ТҮЙЕГЕ МІНІП ЖҮРДІ, МЕНІҢ ӘКЕМ ТҮЙЕГЕ МІНІП ЖҮРДІ, МЕН МЕРСЕДЕС МІНДІМ, БАЛАМ ЛЕНД РОВЕРМЕН ЖҮР. АЛ, НЕМЕРЕМ ТҮЙЕМЕН ЖҮРЕТІН БОЛАДЫ», - ДЕГЕН КӨРІНЕДІ.

«НЕГЕ?» ДЕГЕН СҰРАҚҚА: «ҚИЫН ЗАМАН МЫҚТЫ АДАМДАРДЫ ТУДЫРАДЫ. МЫҚТЫ АДАМДАР ЖАҚСЫ ЗАМАНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. ЖАҚСЫ ЗАМАН ӘЛЖУАЗ АДАМДАРДЫ ТУДЫРАДЫ. АЛ, ӘЛЖУАЗ АДАМДАР ҚИЫН ЗАМАНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ. КӨП АДАМ ТҮСІНЕ БЕРМЕЙДІ, БІРАҚ ДҮНИЕҚОҢЫЗДАРДЫ ЕМЕС, КҮРЕСКЕРЛЕРДІ ТӘРБИЕЛЕУ КЕРЕК», - ДЕП ЖАУАП БЕРІПТІ.

Бұдан не түсіндіңіз? Осы айтылғандармен Кеңес дәуіріне тиіспей-ақ қояйық, Тәуелсіздік алғалы өткен отыз бес жылдағы өмірімізді саралап, салыстырып көрейікші.

Отыз жыл - демографтарда бір ұрпақтың өмірі деп алынады екен. Тәуелсіздік алған жылдарымыздан бастап есептесек отыз бес жыл өтіпті. Біз шейх Мұхамед ибн Рашидтің айтқанымен салыстырсақ, атамыз емес, өзіміз де әлі түйеге мініп жүретіндей уақытта екенбіз.

Бірақ, уақыт жылдам. Біз шейхтың атасының түйеге мініп жүрген уақытын есептемей-ақ, Тәуелсіздік жылдарын бірден әкелеріміздан бастап есептесек, яғни 1990-нан 2020 жылға дейін (30 жыл) есептесек, әкеміз бастапқыда түйе мінгенмен, баласы біз - Мерседес мініп жүрген уақытымыз, яғни дәл қазіргі уақыт та жылдам өтіп жатыр деуге болады.

Космостық уақыт солай болады ма, әлде біздің уақыт белдеуі жылдам болып кетті ме, білмеймін. Енді біздің балаларымыз дәл қазір Ленд Ровердің түр-түрін мініп, Үкіметті басқарып, министр болып, ел басқарып жүр. Болашақтың іргетасын қалайтын істер атқарып жатыр. Елді мықты мемлекеттер қатарына қосуға ұмтылуда. Халықтың әл-ауқатын көтеруге күш салуда. Мемлекеттің дамуына қажетті әр саланы қадағалап, тәуелсіздіктің іргетасын бекітуге ұмтылуда. Әлеуметтің әлеуетін көтеруге ұмтылуда. Арасында ел қазынасын ұрлап қалатындары да бар. «Жұмыс істемейтін адам ғана қателеспейді» деген нақыл сөз бар ғой, қайтеміз, өз қолыңды өзің кеспейсің. Жұмыс істеп жүріп байқамай «жылы-жұмсақты қылғытып жіберген шығар». Олардың жазасын береміз де жібереміз ғой баратын жердің бір жеріне...

Сонда біз Тәуелсіздіктің айналдырған отыз жылының ішінде шейхтың айтқан түйелері мен Мерседесін де, Ленд Роверін де мініп тастаппыз.

Бірақ шейхтың болжамына қарасақ, Ленд Ровер мінген әкенің баласы «түйемен жүреді» деген сөздер көңілге қобалжу әкеледі екен. Бұл сөздер нені білдіреді? Алдағы отыз жылдың бес жылын жеп қойдық. Ендігі 25 жылда еліміз қандай болады?

Біздің бүгінгі жағдайымыз пролетариаттың көсемі Лениннің «бір адым алға, екі адым артқа» дегенін еске түсіріп тұрған жоқ па? Ленин бұл сөзді партияның ішкі саясатына байланысты айтқаны белгілі, әрине. Бірақ, осы «қадам» деген сөзді біздің еліміздің дамуына кедергі болып отырған сәттерге сәйкес етіп алып жатса, біздің «қадамдарымыз» қандай? Алда ма, әлде артта ма?

Тәуелсіздік алып, бір қадам алға жылжыдық. Бірақ, түйеге қайта міну қауіпі бар екен. Неге? Бұл сұраққа шейхтың жауабын қайталасақ, ол былай деді ғой:

«Қиын заман - мықты адамдарды тудырады. Мықты адамдар - жақсы заманды қалыптастырады. Жақсы заман - әлжуаз адамдарды тудырады. Ал, әлжуаз адамдар - қиын заманды қалыптастырады. Көп адам түсіне бермейді, бірақ дүниеқоңыздарды емес, күрескерлерді тәрбиелеу керек», **- деген екен.**

Демек, өзімізді жақсы заманның адамдары деп есептесек, онда біз әлжуаз ұрпақты дүниеге әкеліп, ал олар қиын заманды тудырады екен. Осы сұрақ мені көп ойландырады. Неге әлжуаз ұрпақты әкелдік дүниеге? Қазір біз балаларды қалай тәрбиелеп жатырмыз? Қолдарынан смартфон түспейтін балалар қандай болмақ? Олардың ойлау қабілеті төмендеген сайын орнына «жасанды интеллект» ойлайды, - деп аузымызды ашып отырамыз ба?

Білім саласындағы реформалар да жетісіп тұрған жоқ. Оқулықтар сапасын, кейбір өңірлерде мұғалімдердің жасанды дипломмен сабақ беріп жүргенін, президентке дейін жазуға мәжбүр болған мұғалімдердің онлайн оқулары, мектептегі қазақ тілі пәнінің жағдайы, басқа да білім саласындағы толып жатқан кемшіліктер туралы тізілген хаттар жоғары жаққа қарша борап жатқаны ойлантады. Басқасын айтпағанда біресе 1 маусымға, біресе қайта 25 мамырға өзгеретін соңғы қоңырау күні, бірінші сыныпқа құжат тапсыру күні де солай - біресе 31 тамыз, біресе – 31 шілде, біресе 1-ші шілде, енді 1 сәуірден 31 тамызға дейін болып өзгеріп тұратынына не дерсіз? Мектеп бітіру кештері үйлену тойларынан кем емес. Мұның бәрі ысырап...

Ауысуы жиі министрлер өз реформаларын арқалап келгенімен, мектеп



өзгерген жоқ. Баяғы жартас қалпында, проблемалары шаш етектен. Соған қарағанда шейхтың «немерем түйе мінеді» дегенінен қорқамын.

Баян ТАҢАТАРОВА

БАСПАСӨЗ - 2025

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы
1 жылға – 4212 теңге.
қала және ауыл тұрғындары үшін "Қазпошта" арқылы
1 жылға – 5272,80 теңге.
заңды тұлға үшін
1 жылға – 8344,96 теңге.

Продолжается подписка на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции
на год – 4212 тенге.
для городского и сельского населения через "Казпочту"
на год – 5272,80 тенге.
для юридического лица
на год – 8344,96 тенге.

Индексі: 15534

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

* * *

ТЖМ құтқарушылары Талдықорғанда түнде өртті сөндірді. Талдықорған қаласының Қайыңды көшесінде өрт шығып, жеке тұрғын үйдің шатыры мен шаруашылық құрылыстары отқа оранды. Өрт сөндірушілер түнде жалынды оқшаулап, толықтай сөндірді. Жалпы жану аумағы 230 шаршы метрді құрады. Зардап шеккендер жоқ. Өрттің себебі анықталуда. ТЖМ азаматтарды өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға шақырады.

* * *

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Наташа Пирц-Мусар шағын құрамда келіссөз жүргізді. «Ақорда» резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Словения Президенті Наташа Пирц-Мусарды салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Президенттер бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, Қазақстан мен Словенияның мемлекеттік әнұрандары шырқалды.

* * *

Облыс құрылғанға дейін Жетісу өңірінде небары тек 5 елді мекен газдандырдырылған болса, соңғы үш жыл ішінде тағы 58 елді мекенге газ жеткізілді. Сөйтіп облыста бүгінгі күні 63 елді мекенге газ тартылды, соның 30-ы өткен жылы көгілдір отынға қол жеткізді. Жалпы, 2029 жылға қарай Жетісу облысында газдандыруға жататын 192 елді мекенге толықтай газ тартылады. Соның арқасында 624 мыңнан астам тұрғын немесе өңір халқының 91%-ы көгілдір отынға қол жеткізе алады.

* * *

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында Талдықорған қаласында 200 ағаш отырғызылып, соның 100-і Ардагерлер саябағына егілді. Атап өтсек, Президент 2020 жылғы Жолдауында бес жыл ішінде орман алқаптарына 2 миллиард, елді мекендерде 15 миллион ағаш отырғызуды тапсырған еді. Осыған байланысты облыста 2021-2025 жылдары 538 мың көшет отырғызу жоспарланған, бүгінге дейін соның 418 мыңы отырғызылды.

* * *

Жетісу облысында «Наурыз каникул – 2025» жобасы аясында оқушылар арасында театр фестиваль-байқауы, волейбол, баскетбол, футбол сияқты танымал спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастырылып, экскурсиялар, ашық есік күні, түрлі тақырыпта челленджде, вебинарлар, жас суретшілер басқосуы сияқты көптеген іс-шаралар өткізілуде. Оқушылардың демалысын пайдалы ұйымдастыру мақсатындағы бұл шараларға 12600-ге жуық бала қатысты.

* * *

Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде Наурыз мерекесіне орай ерекше іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік бағдарлама барысында қонақтар оқу шеберханаларының заманауи технологиялары мен жабдықтарымен танысты. Колледждің білім беру процесі мен жас мамандарды даярлау барысы ерекше ықыласпен көрсетілді. Наурыз мерекесі аясында өткізілген осындай шаралар, колледждің мәдениетті дамытуымен қатар, студенттер мен оқытушылардың бірлігін нығайтып, оқу ордасының аймақтық деңгейдегі мәртебесін арттырады.

* * *

Талдықорған жоғары политехникалық колледжінде Наурыз мерекесіне орай ерекше іс-шара ұйымдастырылды. Мерекелік бағдарлама барысында қонақтар оқу шеберханаларының заманауи технологиялары мен жабдықтарымен танысты. Колледждің білім беру процесі мен жас мамандарды даярлау барысы ерекше ықыласпен көрсетілді. Бұл іс-шара колледждің жоғары білім сапасы мен инновациялық көзқарасын паш етіп, жастарды кәсіби дағдыларға баулуға бағытталған жұмыстарын айшықтады.

* * *

Халықтың әлеуметтік осал санаттарының құқықтарын қорғау мақсатында әлеуметтік инспекторлар жыл басынан бері 150-ден астам тексеру жүргізді. 2025 жылдың үш айында әлеуметтік инспекторлар 156 тексеру жүргізді, оның 76-сы жоспардан тыс, 19-ы профилактикалық бақылау шеңберінде, 61-і прокуратураның талабы бойынша болды. Тексеру қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 34 ұйғарым берілді, 14,5 млн теңгеден астам сомаға 46 айыппұл салынды, деп хабарлайды ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

* * *

Жетісу облысында салық органдары заңсыз темекі өнімдерінің айналымын анықтау бойынша тұрақты түрде тексерулер жүргізуде. 2024 жылдың қорытындысы бойынша 591 мың қорап таңбалаусыз темекі тәркіленді. Ал 2025 жылдың басынан бері тағы 328 мың қорап заңсыз өнім анықталды. Бұл деректер мәселенің өзектілігін көрсетеді, алайда оны шешу мақсатында белсенді жұмыс жүргізілуде.

* * *

27 наурыз - Халықаралық театр күні. Әлем бойынша театр өнерін дәріптейтін бұл күн Б.Римова атындағы Талдықорған драма театрында да ерекше аталып өтті.

Атаулы күнге орай салтанатты кеш ұйымдастырылды. Мәдениеттің ошағы саналған мекемеге Жетісу облысы Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Қуаныш Сүлейменов арнайы барып, сала өкілдерін құттықтап қайтты.

* * *

Биыл Жетісу облысында қант қызылшасының егіс алаңы 12,2 мың гектарды алып отыр. Екі қант зауытының өндірістік қуаттылығына байланысты егіс көлемі 1,5 мың гектарға қысқартылмақ. Осы көлемде егілген дақылдан шамамен 550 мың тонна тәтті түбір жинау жоспарлануда.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

НҰРҒИСА ТІЛЕНДИЕВКЕ 100 ЖЫЛ

Талдықорған қаласындағы Нұрғиса Тілендиев атындағы музыка мектебінің алдында қазақ музыкасының сайыпқыраны, әйгілі күйші, композитор, дирижер Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған мерейтойлық іс-шара өтті.

Шара барысында жиналғандар Нұрғиса Тілендиевтің ескерткішіне тағзым етіп, гүл шоқтарын қойды. Одан кейін Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов сөз сөйлеп, композитордың қазақ музыкасына қосқан өлшеусіз үлесі туралы атап өтті.

Ескерткіштің маңында Талдықорған балалар көркем сурет мектебі оқушыларының сурет салу пленэрі ұйымдастырылып, жас суретшілер дәулескер күйші-композитордың бейнесін қағаз бетіне түсірді. Сонымен қатар Жетісу облысының Дәнеш Рақышев атындағы филармониясының «Жетісу виртуозы» ансамблі шағын концерт қойып, Н.Тілендиевтің «Ата толғауы» күйі, «Құстар» әні және «Ақшағала» әндері шығармаларын орындады.

Бұл мерейтойлық шара ұлы композитордың мәңгілік мұрасын ұлықтап, оның өнерін кейінгі ұрпаққа насихаттау мақсатында ұйымдастырылды.

Зарина БЫЖЫБЕК
Фотосуретті түсірген: Дмитрий Ерофеев

ЕГІС НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Көктемгі дала жұмыстарына дайындық бойынша Журналистер үйінде баспасөз отырысы өтті. Спикер ретінде Жетісу облысы ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Шампиков Бахтияр Қалдыбатырұлы көктемгі дала жұмыстары барлық аудан мен қалаларда басталғаны туралы баяндама жаса-

2025 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 510,7 мың гектарды құрайды, оның 373,8 мың гектары көктемде себіледі. Көктемгі егіс науқанының жоспарына сәйкес, әр аудандағы атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталған Бахтияр Шампиков:

– Ескелді ауданында 44 га масақты дәнді дақылдар себілді. Көксу қант зауытына 3080 себу бірлігі (2,3 мың га) шетелден жеткізілді - 2 500 себу бірлік (1 923 га). Германия (КВС) және 2024 жылдан қалғаны - 580 себу бірлік (446 га), ал Франция (Флоримон Депрес) тұқымының 2000 себу бірлігі (1538 га) 24 наурыз күні Алматы қаласының әуежайына келді. Сонымен қатар, шаруалар өз қаражаты есебінен басқа тұқым жеткізушілерден (Алем Агро, Экспланта) 3,9 мың себу бірлігін (2876 га) сатып алады. Наурыз айына қарастырылған 960 тонна дизель отынының 660 тоннасы жеткізілді, 300 тоннасы бір-екі күнде жеткізіледі, - дейді.

Көктемгі егіс және орақ науқанына қолдау ретінде Аграрлық несие корпорациясы арқылы жалпы 14,3 млрд. теңге несие бөлініпті. Оның 1,3 млрд. теңгесі - «Кең Дала-1», 13 млрд. теңгесі - «Кең Дала-2» бағдарламаларына қарастырылды. Қазіргі уақытта оның 3,7 млрд. теңгесі игерілген («Кең Дала-1» - 1,4 млрд. теңге, «Кең Дала-2» - 2,3 млрд. теңге).

Бүгінгі күнге дейін 195 шаруашылықтан 4,8 млрд. теңгеге өтінім қабылданып, 106 шаруашылыққа 3 млрд. теңге көлемінде несие берілді. Көктемгі дала жұмыстары белгіленген жоспарға сай қарқынды жүріп жатыр, әрі олардың орындалуы үнемі назарда болады дейді шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары.

Айгерім ШЫҢҒЫСОВА

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АЛАКӨЛДЕ ІСКЕ АСУДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес елімізде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы жүзеге асырылуда. Бұл бастама оқу орындарының тапшылығын жою, апатты және үш ауысымды мектептер мәселесін шешу мақсатында қолға алынған.

Аталған жобаның үйлестірушісі – Samruk-Kazyna Construction компаниясы. Қазіргі таңда еліміздің барлық өңірінде заманауи, кең әрі ыңғайлы мектептердің құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

Алакөл ауданының білім саласына да ерекше көңіл бөлінуде. Атап айтқанда, Үшарал қаласы мен Достық ауылында әрқайсысы 600 орындық жаңа мектептердің құрылысы жоспарланған. Бұл оқу орындары балалардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасап, аудандағы білім беру инфрақұрылымын жақсартуға септігін тигізбек.

Бүгінде, шекаралы аймақ саналатын Достық ауылында мектеп құрылысы басталып, белсенді түрде жүргізілуде. Жаңа білім ордасы заманауи құрал-жабдықтармен қамтылып, оқушыларға қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған. 2024 жылдың сәуір айында басталған жаңа мектептің құрылысы 600 оқушыға арналған. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын, нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынып жатқан бұл жаңа нысандар болашақ ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік беріп қана қоймай, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң әсерін тигізеді.

Назерке НАБИКЕНОВА
Алакөл ауданы

ҚОРШАҒАН ОРТА

«ТУҒАН ЖЕРДІ СҮЙ, ТАБИҒАТТЫ АЯЛА!»

Біз табиғатты сүйіп аялау керекпіз. Себебі барлығымызға туған жерден артық жер болмас. Сол үшін әр адам қоршаған ортаны жақсы көруі керек. Туған жердегі табиғат ол мәңгі есіңде қалады. Сол табиғат әрдайым көркем болып қалу үшін біз оны аялап, ластамау керекпіз. Табиғат адамсыз, ал адам табиғатсыз өмір сүре алмайды. Егер де біз табиғатты аяламасақ таза ауаны, әдемі көрініс мүлдем көре де, ойлай да алмаймыз. Сондықтан қоршаған ортаны ластамай, туған жерді сүю керек!

Табиғат ол – қоршаған орта. Адам мен табиғат тығыз байланысты болып келеді. Егер де біз табиғатты аяламасақ тек қоршаған орта ғана емес, жануарлар да жойылып кетеді. Сондықтан табиғатты аялау, ластамау – біздің міндетіміз. Туған жер – алтын бесік. Мен үшін туған жер ол өте бағалы зат. Себебі, онда менің бүкіл балалық шағым өтті. Сол үшін өзімнің туған жерімді сүйіп, өз табиғатымды аялаймын!

Табиғат - сөз жетпес сұлулық, баға жетпес қазына, көз тоймайтын әсемдік, айтып жеткізе алмайтын қыры мен сыры мол құбылыс болғанымен қазір сол табиғат нашарлап, ластануда. Соның салдарынан адам өміріне қауіпті жағдай тудыруда. Біз табиғаттағы әрбір жайқалып тұрған ағашқа қамқорлық танытуымыз қажет. «Бір тал кессең, он тал ек», «Жер құтты болса, мал сүтті болады»- демекші, айналамызда табиғаттан лас иісті, ауру тудырушы бактерияларды жоюшы тал, жасыл желек. Егер осы мәселе қаралмай қала берсе төңірек ластанып кетеді. Мен өзімнің туған өлкеме қарағай, шырша, терек т.б. ағаш түрлерін ексе екен деймін. Табиғаттың зардаптарына төтеп беру үшін оны ластамай қорғауымыз керек.

А. СЫДЫКОВА
«Қапал орман шаруашылығы» КММ-ның орман шебері

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

У НАС БУДУТ ПРОИЗВОДИТЬ ГАЗОБЕТОННЫЕ БЛОКИ И ВЫПУСКАТЬ ПРОМЫШЛЕННЫЕ АККУМУЛЯТОРЫ

Как сообщил генеральный директор предприятия по выпуску аккумуляторов Ербол Ажмагамбетов, после запуска первого этапа мощность завода составит 100 тыс. промышленных аккумуляторов в год.

Создано 150 постоянных рабочих мест с дальнейшим увеличением в перспективе до 300 человек. Продукция будет поставляться не только на отечественный рынок, но и направляться в Узбекистан, Туркменистан, Кыргызстан, Азербайджан, Росиию. При выходе на полную мощность в год на заводе будет выпускаться свыше 200 тыс. промышленных аккумуляторов.

Пресс-служба акима области Жетісу
Фотограф: Жеңіс Ысқабай

ПОЕЗДОВ ИЗ КАЗАХСТАНА В КИТАЙ ЧЕРЕЗ ПОГРАНПЕРЕХОД «АЛТЫНКОЛЬ-ХОРГОС» УВЕЛИЧАТ ВДВОЕ

Вопросы увеличения грузоперевозок обсудили железнодорожные администрации Казахстана и Китая. Как сообщают в пресс-службе «Казахстан темир жолы (Казахстанские железные дороги)», представители национальной железнодорожной компании встретились с председателем правления «Урумчийской железной дороги» товарищем Го Цзианем. Стороны подвели итоги работы железных дорог в 2024 году. Было отмечено, что объем перевозок между Казахстаном и КНР составил рекордные 32 млн тонн, с ростом к прошлому году на 13%. С 1 марта этого года увеличат вдвое поезда из Казахстана в Китай через погранпереход «Алтынколь-Хоргос» - с 8 до 15 поездов в сутки, и с 1 июля этого года через погранпереход «Достык–Алашанькоу» - с 14 до 28 поездов в сутки.

Источник:Sputnik.rz
Фото:Пресс-служба «Казахстан Темир Жолы»

ИЗМЕНЕНИЕ ФИО ПРИ ИЗМЕНЕНИИ ПРАВ НА НЕДВИЖИМОЕ ИМУЩЕСТВО

Имя гражданина в юридическом смысле включает в себя: фамилию, собственно имя, а также по желанию - отчество.

Изменение фамилии, имени и отчества происходит по разным основаниям, чаще всего фамилия изменяется при заключении или расторжении брака. Но возможно изменение фамилии, имени и отчества и по другим основаниям.

В результате собственник сталкивается с вопросом: как быть с документами на ранее приобретенное им имущество? Нужно ли вносить в них изменения или достаточно в случае необходимости предъявлять документ о перемене фамилии?

В соответствии с пунктом 4 статьи 15 Гражданского кодекса Республики Казахстан (Общая часть) перемена имени не является основанием для прекращения или изменения его прав и обязанностей, приобретенных под прежним именем, анонимно или под псевдонимом. Согласно пункту 6 указанной статьи гражданин, переменивший имя, вправе требовать внесения соответствующих изменений в документы, оформленные на его прежнее имя.

Подпунктом 2) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан «О государственной регистрации прав на недвижимое имущество и сделок с ним» (далее - Закон) указано, что изменение сведений о правообладателе, содержащихся в регистрационном листе правового кадастра подлежит государственной регистрации. Поскольку фамилия, имя и отчество собственника недвижимости - это обязательные элементы сведений о правообладателе, их изменение является основанием для регистрации изменений прав на недвижимое имущество.

Согласно пункту 3 указанной статьи Закона государственная регистрация изменения сведений правообладателя осуществляется на безвозмездной основе без обращения в регистрирующий орган посредством интеграции государственных информационных систем с уведомлением правообладателя через ЦОН.

Зульфия АБЗАЛОВА,
Главный специалист Департамента юстиции области Жетісу

АПОСТИЛЬ

Апостиль необходим для подтверждения достоверности официального документа, выданного в одной стране, и принятия его на территории другой. Штамп апостиля удостоверяет подлинность подписи лица, подписавшего документ, и проставленных на документе печати или штампа. Таким образом, апостиль является важным инструментом межстранового обмена документов.

Что такое услуга «Е-апостиль? Услуга «Е-апостиль» специально разработана для автоматизации процессов выдачи штампа апостиля на официальные документы, выданные на территории Республики Казахстан. Это означает, что благодаря услуге разработан электронный апостиль, который используется для передачи и подтверждения подлинности документов в электронном виде.

Сервисный программный продукт «Е-апостиль» был инициирован Министерством юстиции Республики Казахстан в 2018 году. Разработка и реализация проекта заняла на 2 года. Сейчас проект ввели в эксплуатацию и внесли решение в каталог услуг сервисных программных продуктов.

В настоящее время участниками Конвенции, отменяющей требование консульской легализации иностранных официальных документов, являются 134 государства.

Электронный апостиль и электронный регистр реализованы в 52 странах-участницах Конвенции (Австрия, Колумбия, Молдова, Грузия, Бахрейн, Новая Зеландия, Испания, Канзас/Монтана-США, Корея, Армения, Сингапур, Армения, Чили, Мексика, Аргентина, Бельгия, Боливия, Бразилия, Эстония, Болгария, Доминиканская Республика, Латвия, Словения, Венесуэла (электронный апостиль), Австралия, Азербайджан, Андорра, Китай (Гонконг),

Коста-Рика, Ирландия, Никарагуа, Парагвай, Перу, Румыния, Словения, Уругвай, 7 штатов США, Латвия, Великобритания, Гватемала, Косово, Морокко, Никарагуа, Филиппины, Румыния, Таджикистан, Российская Федерация, Украина (электронный регистр).

Какие задачи позволит решать услуга «Е-апостиль»?

Получать услугу апостилирования, не выходя из дома и без предоставления бумажных документов.Оптимизировать сроки оказания государственных услуг.Проводить процедуры по формированию электронного реестра.

Раньше граждане Казахстана получали документ с апостилем только в бумажном виде. Соответственно граждане, находящиеся за рубежом, испытывали трудности в получении таких документов. Теперь, благодаря услуге «Е-апостиль», они смогут получать документы с электронным апостилем в онлайн-режиме, находясь в любой точке мира.

Какие документы удостоверяются апостилем? Документы, исходящие из органов юстиции и иных государственных органов, а также нотариусов.

Зульфия АБЗАЛОВА,
Главный специалист Департамента юстиции области Жетісу

КОРОТКО ОБО ВСЕМ

***

В Астане из сквера в районе акимата убрали стенды с фотографиями Нурсултана Назарбаева, передает корреспондент Tengrinews.kz. Раньше на этом месте стояли стенды с архивными кадрами экс-президента, сделанными в разные годы, в том числе с участием других политиков. Накануне читатель Tengrinews.kz заметил, что фото исчезли из сквера. Напомним,что год назад восковую фигуру Нурсултана Назарбаева убрали из музея в Астане. Ранее на территории Национального университета обороны в Астане демонтировали памятник первому президенту Нурсултану Назарбаеву, торжественно открытый к его 80-летию в 2020 году. Кроме этого, портрет первого президента сняли на станции метро в Алматы.

***

На Украине начали подготовку к выдвижению Зеленского на второй срок. Он намерен застать соперников врасплох из-за сжатых сроков.На Украине ведется серьезная подготовка к тому, чтобы выдвинуть Владимира Зеленского на второй президентский срок. Об этом сообщает The Economist со ссылкой на источники в правительстве. В статье говорится, что на прошлой неделе глава киевского режима поручил своей команде начать организовывать выборы после полного прекращения огня. Причем, предположительно, их планируют провести в июле. Из-за сжатых сроков для подготовки Зеленский намерен застать соперников врасплох, что позволит ему баллотироваться без сопротивления.

***

В скором времени в Талдыкоргане начнет работать еще один новый завод. Это - предприятие по производству газобетонных блоков автоклавного твердения, расположенное на территории индустриальной зоны «Талдыкорган». Производственная мощность – 150 тыс. м3/год. Запуск запланирован на конец мая – начало июня. Сырье местное. Сейчас у нас занято 30 человек. После запуска завода число рабочих мест возрастет до 70. Если говорить о заработной плате, то разнорабочий на нашем предприятии будет получать 300-350 тыс. тенге в месяц, а главный энергетик – до 1 млн. тенге. Вид продукции будет зависеть от требований рынка, - сообщила коммерческий директор ТОО «Стальбетон» Динара Орынбасар.

***

В селе Сарыозек произошел инцидент, потребовавший вмешательства спасателей, передаёт BaigeNews.kz.15-летний подросток получил травму, когда на него упала бетонная плита в заброшенном здании, где он находился вместе с друзьями.Сразу же по сигналу на место прибыли спасатели МЧС. Используя спасательные носилки и лестницу, они аккуратно спустили подростка с высоты и передали его врачам службы «103», чтобы оказать необходимую медицинскую помощь.

***

Хищение 1,6 млрд тенге: работникам образования вынесли приговоры в области Жетысу. Главного бухгалтера Саркандского отдела образования осудили на 8 лет. Следствие показало, что вместе с другими обвиняемыми она похитила 1,6 млрд тенге, передает Ulysmedia.kz. Всех обвиняемых, а их было 5 человек, лишили свбоды от 8 до 7 лет и двоим с выплатой штрафа в размере 1,2 млн. и 1 млн. соответственно. Кроме того, осужденных пожизненно лишили права занимать должности на госслужбе и в субъектах квазигоссектора.

***

Жительница области Жетысу впервые в жизни получила удостоверение личности. Об этом 27 марта 2025 года рассказали в Комитете по защите прав потребителей Министерства торговли и интеграции РК, сообщает Zakon.kz. Молодой маме, которая 24 года жила без единого документа, помогли сотрудники Департамента торговли и защиты прав потребителей по области Жетысу, в том числе главный специалист ДТЗПП Газиз Аманжолулы. После этого молодая казахстанка планирует оформить документы на детей, чтобы семья могла рассчитывать на необходимые социальные выплаты.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

100 ЖАСАР АРДАГЕР

ҮШ СОҒЫСТЫ ӨТКЕРГЕН АРДАГЕР

Ұлы Отан соғысы тек Кеңес Одағының ғана емес, бүкіл әлем тарихында маңызды бет бұрылыстарды жасаған кезең болды. Соғыс қаншама өмірлерді қиды, сансыз адамдардың тағдырын өзгертіп, көптеген халықтардың тарихына өшпес із қалдырды. Бүгінде халық арасында екінші дүниежүзілік соғыста ерлік көрсетіп, жауға қарсы тұрған ардагерлеріміздің саны бірен-саран. Бұл көңілге қаяу салады.

Қан майданның ортасында елін, жерін қорғаған талай азамат отбасына оралмай, қара хабар келді. Еліне тірі қайтқандардың бірі дене мүшесінен айырылып та келіп жатты. Мұндай ауыр, қасіретті жылдары фашизмге қарсы күресте ерлік көрсеткен батырларымыз бүгінгі ұрпақ үшін үлгі әрі құрметке лайық тұлғалар. Сондай өз кезінде батыр, өжет болған ардагеріміздің бірегейі ретінде Жақан СЕЙСЕБАЕВТЫ ауыз толтыра мақтауға тұрарлық.

Ардагер 1925 жылы Алматы облысы, Кербұлақ ауданының Сәмен ауылында өмірге келген. Алғабас колхозында 1939 жылы 7 сыныптық мектепті тәмамдаған. Ал 1942 жылдың 20 қазанында 17 жасар бозбала соғысқа алынып, үш ай Москваның жанындағы Молты станциясында соғысқа бейімделіп, 1943 жылдың 1 қаңтарында соғыс алаңына жөнелтілген.

Соғыста жау қолынан елін, жерін қорғап 5-ші армияның «3-ші Беларусь» майданының 13 миноменттық полкіне Катюша Минометші, ротаға «бағыттаушы» болып қойылған. Соғыс уақытында ардагер үш мәрте ауыр жарақат алса да ерлігін тоқтатпапты. Бойындағы қазақ ерлерінің рухы еш уақытта сескенбеген. Алғашқы жарақаты 1943 жылдың 12 наурызында оң жақ бетіне снарядтың ұшқыны тиіп, Москвадағы госпитальға жатқызылған. 5 мамырда госпитальдан аман-есен соғысқа қайта жіберілген уақытта бірінші марапаты «За отвагу» медалі берілді. Содан кейін ол Битвск қаласындағы 22-ші жеке құпия Катюша бригадасына бағыттаушы болып, 1943 жылдың 15 қыркүйегінде сол қолына бомбаның ұшқыны тиіп екінші мәрте жарақаттанады. Атаның айтуынша, *«Дала госпиталінде емделіп 8 желтоқсанда қайтадан соғысқа*

оралдым. Ол кезде «За боевые заслуги» медалін кеудеме тақтым. Ал 1944 жылы 5 шілдеде бомбылап жатқанда бомбының сынығы сол аяғымды жаралап, госпитальда 20 қазанға дейін жаттым. Шыққан соң бұрынғы полкіне келіп ары қарай шайқасты жалғастырдық», - деп еске алды.

Майданда Кеннисбергке (қазіргі Калининоград) дейін соғысып, қаланы жау қолынан алғаннан кейін «За взятие Кеннисберга» медалімен және «Орден отечественной войны II степени» атақтарын алған.

Батыр жауынгер Жеңіс таңын Шығыс Пруссияда қарсы алған. *«Жеңіске жеткенімізді естіген кезде бір жылап, бір күліп, құшақтасып, жауынгерлер бір-бірімізді құттықтадық. Қуанышты хабарға сенер сенбесімізді білмей біраз әбігерге түстік»,* - деп сол мезеттегі естелігімен бөлісті ардагер. Алайда ол кісінің қан майдандағы ерлігі аяқталмады. 1945 жылы Жапон соғысына қатысып, қазан айында Корея мен американдардың соғысына қатысқан. 1947 жылдың 16 қыркүйегінде Владивостокта болған. Алланың құдіретімен нағыз азамат 3 соғысты да дін аман басынан өткеріп, 1948 жылдың 17 сәуірінде кіндік қаны тамған ауылына, жақындарына оралады.

Сұрапыл соғыста бастан көп оқиға өтті дейді ардагер ата. Әрине қуанышпен еске алатын жайттар емес екені бізге мәлім. Ол кісі соғыста жүріп жанындағы құрдастарының, жауынгерлердің қайтыс болғанын көзімен көрген. Соғыс алаңындағы қасіреттің қандай болатынын білетін жаужүрек батыр 6 жылдық өмірін соғысқа арнап, түрлі адам айтса сенгісіз оқиғалардың куәгері болған. *«Бірде жаудың 60 танкісі шекарадан өтіп кеткені туралы хабар келді. Екі «Катюшаны» дайындап, үш шақырым жер қалғанда танкілерді ату керек болды. Бір «Катюшаның» тізгінінде мен болдым. Оқ жаудырып, 60 танкіден 1 танкі ғана аман қалды»*, - дейді Жақан Сейсебаев.

17 жасар бозбала болып кеткен Жақан ата нағыз батыр болып ауылына қайта оралды. Отанға оралғаннан кейін ол кісінің басты қуанышы жақындарымен аман-есен қауышқаны еді. Бірақ соғыстан кейін қарапайым отбасының өмірі бал бола қоймады. Тамақ та, киім де жетіспейтін кездер жиі болып тұрған. Ардагер колхозда жұмыс істеп, мал шаруашылығында жасаған, кейініректе 1949 жылдың 1 қаңтарында Ырыс деген арумен отау тігіп, толық отбасыға айналған. Бүгінде Сейсембаевтар отбасында 1 ұл, 3 қыздан 9 немере, 17 шөбере бар.

Ал мақала кейіпкері отбасының қамы үшін 1969 жылы Алматы қаласындағы политехникалық техникумның бухгалтерлік-есеп факультетін бітіріп, Көксу ауданының Алғабас ауылында бухгалтер болып 1 жылдай, сонан соң 25 жыл мал шаруашылығында ферма меңгерушісі, үш жылдай ревизор болып қызмет еткен. Қалтқысыз қызметінің жемісін 1985 жылы зейнеткерлікке шыққанда көре бастаған.

Ол кісінің дәл бүгінге дейін алған марапаттарында шек жоқ деп айта аламыз. Оның дәлелі ретінде кеудесінде ине шаншыр орын қалмай тұрған фотосын көрсеттік. Ол кісінің айтуынша, мұндай киімнің өзін көтеріп жүру үлкен күш дейді.

Жоғарыда атап кеткеніміздей,

Жақан ата 1925 жылы туылған болса балалық шағынан-ақ тағдыр тауқыметін аз тартқан жан емес. *«Біз ойын баласы болсақ та ашаршылықты көрдік, одан кейін соғысқа да бардық. Келгеннен кейін жан бақтық. Қазіргі заман деген табылмайтын заман ғой. Тіпті дастарханға қасық қоятын орын жоқ. Бәрі бар. Мен соғыстан келгенде халық нан дегенді де ұмытқан. Құр арпа мен бидай жейтін аштықты басу үшін. Қазір табылмайтын өмір, табылмайтын заман. Заманымыз тыныш. Әр уақытта бейбітшілікте өмір сүрейік. Аты жаман соғыс жоламасын»,* - деген лебізін айтты 100 жасаған ата.

Міне ғасырлық ғұмырында ердің басына нендей күн тумайды дегендей, өздерінің тер төгіп жеткен жеңісінің арқасында тәуелсіздікке жеткен күнді де көрді. Кең байтақ еліміздің сіз бен біздердің болашағымыз үшін осындай арда азаматтардың ерлігі баршаға үлгі. Мұның бәріне төтеп бере білген ол кісінің төзімі темірдей екен деп ойлап қоямын ішімнен. Дәл бүгінде мұндай қаһарман азаматтарымыз қоғамда жоқтың қасы. Қарты бар үйде қазына бар деген тәмсілді барша облыс тұрғындарына бағыттап, осындай ардагерлерімізбен мақтануымыз қажет дейміз. Оларды бар кезінде бағалауды ұмытпайық дегім келеді. Биылғы Жеңістің 80 жылдығын тек сіздердей батырларымыздың арқасында тойламақпыз. Мерейлі 100 жасыңыз құтты болсын!

Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ

БІЛІМ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ - МАНСАПТЫҚ КӨКЖИЕГІ

Тұрақты өзгерістер мен қарқынды даму әлемінде оқу орнын таңдау табысты мансап құрудағы маңызды қадам болып табылады. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзінің білім алушыларына сапалы білім беріп қана қоймай, сонымен қатар кәсіби өсу мен дамудың тамаша перспективаларын ұсынудан ерекше орын алады.

Университетке түсу туралы сөз болғанда, ата-аналар мен талапкерлер оның академиялық беделін таңдаудың негізгі факторы ретінде қарастырады. Бұл аспектіде Қазақ ұлттық университеті Қазақстандағы ең ірі және беделді университеттің бірі болып табылады.

Тамыры тереңге жайылған университет өз тарихын 1934 жылдан бастап, яғни Қазақ мемлекеттік университеті ретінде құрылып, содан бері қалыптасу мен дамудың ұзақ жолынан өтіп, қазіргі таңда 90 жылдық бай тарихы мен дәстүрі бар, елімізде жетекші білім беру мекемелерінің біріне айналып отыр.

Алайда академиялық атақ - бұл сәттіліктің бір бөлігі ғана. Университетті таңдау кезінде оның болашақ кәсіби мансап үшін беретін мүмкіндіктері маңызды. Бұл тұрғыда Қазақ ұлттық университеті тек оқытуды ғана емес, мансаптық мүмкіндіктерге шынайы көпірді ұсынады.

ҚазҰУ-дің білім беру бағдарламасының негізгі ерекшеліктерінің бірі оның еңбек нарығының қажеттіліктеріне бағдарлануы болып табылады. Оқыту бағдарламалары қазіргі заманғы экономиканың өзекті талаптарын ескере отырып әзірленеді, бұл студенттерге еңбек нарығында қажетті дағдылар мен білім алуға жол ашады. Сондай-ақ, университетіміз елімізден басқа бөгде елдермен, жетекші компаниялармен де ынтымақтастықты белсенді дамытуда. Бұл студенттерге тағылымдамалар мен тәжірибеден өтуге, сонымен қатар ғылыми зерттеулер жүргізуге кең мүмкіндіктер ашады, ал бұл табысты мансап құру жолындағы ең маңызды қадам.

Жалпы Қазақ ұлттық университетінде оқу – ол жаңа білім мен жаңа өмірге, сондай-ақ табысты мансап құрудың сенімді іргетасы болып табылады. Академиялық бедел, бизнес-сектормен ынтымақтастық, халықаралық тәжірибе, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру-осының бәрі университетті кәсіби өсу мен өзін-өзі жүзеге асыру үшін тамаша алаңға айналдырады. Осылайша, Қазақ ұлттық университетінде оқуды таңдаған студенттер сапалы білім алу үшін ғана емес, өз елінің болашағына инвестиция салады.

Білім берудің жоғары деңгейі ретінде ҚазҰУ Қазақстандағы ең беделді университеттердің бірі болып саналатындықтан Ұлттық және Халықаралық университеттер рейтингінде үнемі жоғары орынға ие.

ОРАЗБАЕВА А.С.
Қазақ ұлттық университеті
Шетел тілдері кафедрасының
магистр, аға оқытушысы

ЖАҢА КІТАП ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

«Таңдамалылар» – Ғабдул-Сәбит Юсуповтың шығармашылығындағы жаңа туынды, оқырмандарды өзіне тартып, жаңа әрі қызықты оқиғалармен бөлісуді мақсат еткен кітап. Бұл кітапта автор детектив және публицистика жанрындағы шығармаларымен, тағы бірнеше әңгіме, очерк, естеліктерін оқырманға жөнелткен.



Бұған дейін жарық көрген кітаптарымен оқырман қауымнан жоғары бағасын алған автор, қай жанрда жазса да, өмір шындығынан алыс кетпейді.

Тілі көркем де шұрайлы, оқырман қызыға оқитындай бұл рухани дүниенің, жасқа да, жасамысқа да берер ғибраты мен тәлімі мол болмақ.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

АЛҒЫС АЙТУ

Ұлы Отан соғысы ардагері әкеміз Сәрсенбай Қаңтарбайды соңғы сапарға шығарып салу рәсіміне атсалысқан Жетісу облыстық әкімдігіне, Талдықорған қалалық әкімдігіне, Көксу аудандық әкімдігіне, Алғабас округі ауылдық әкімдігіне, Жетісу облыстық, Көксу аудандық ардагерлер ұйымына, Жетісу облыстық әскери комиссариатына және рәсімге қатысқан барша азаматтарға зор алғысымызды білдіреміз.

Қаңтарбаевтар әулеті

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ШЕКАРА ШЕБІНДЕ

«ҚОРҒАС» ШЕКАРАЛЫҚ БАСҚАРМАСЫНДА ЖАҢА ОҚУ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шекаралық басқармасында шекаралық бақылаушыларды дайындауға арналған үш айлық «Оқу орталығының» салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Іс-шараға департаменттің басшылық құрамы, ардагерлер, оқу орталығының алғашқы тыңдаушылары және басқа да шақырылған қонақтар қатысты. Жаңа оқу орталығы шекаралық бақылау саласындағы білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Мұнда тыңдаушылар шекаралық бақылау жүргізу әдістерін, құқықтық негіздерді және заманауи техникалық құралдарды қолдану тәсілдерін меңгеретін болады.

Салтанатты ашылу барысында департамент басшылығы оқу орталығының маңыздылығын атап өтіп, болашақ шекаралық бақылаушыларға сәттілік тіледі. Бұл бастама еліміздің шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды қадам болып табылады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Көктем-2025» жас сарбаздарына арнап мерекелік концерт өтті. Іс-шара Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы мен Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының 60 жылдық мерейтойына орайластырылды.

«КӨКТЕМ-2025» ЖАС САРБАЗДАРЫНА АРНАЛҒАН КОНЦЕРТ

Концерттік бағдарламаға Дәнеш Рақышев атындағы Жетісу облыстық филармониясының өнерпаздары қатысып, патриоттық әндер шырқап, көрермендерге көтеріңкі көңілкүй сыйлады. Шара барысында әскери қызметшілер мен жас сарбаздарға алғыс айтылып, олардың ел қорғанындағы маңызды рөлі атап өтілді.

Бұл мерекелік кеш жас сарбаздарға рухани жігер беріп, отансүйгіштік сезімдерін арттыра түсті.

«ЖАС ШЕКАРАШЫЛАР» ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА ҚАТЫСТЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының «Арасан» шекара бөлімшесінде «Ашық есік» күні өтті. Іс-шара департаменттің қолдауымен, бөлімше бастығының орынбасары аға лейтенант Тасқын Даулбай мен алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Серікжан Қанапияның ұйымдастыруымен өткізілді.

«Жас шекарашы» үйірмесінің тобына кіретін Ақсу ауданы, Қапал ауылының кәсіптік және техникалық колледжінің 2-курс студенттері іс-шараға белсене қатысты. Сабақ барысында «ҚР Мемлекеттік шекарасын күзету және қорғауда қолданылатын күш пен құралдар» тақырыбында шекарашылардың жұмыс тәсілдері мен арнайы құрал-жабдықтары таныстырылды.

Тәжірибелік сабақ студенттердің шекара қызметінің маңыздылығын терең түсінуіне, отансүйгіштік қасиеттерін дамытуға және болашақ мамандық таңдауына оң әсерін тигізді. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылар тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болды.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі
Жетісу облысы бойынша департаменті

ТУҒАН ТІЛІМ ТӨРГЕ ШЫҚ!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІ

Мемлекеттік тілдің мәртебесін барынша арттыру мәселесі ұдайы қолға алынып келе жатқаны баршаға аян. Өйткені, оның қолданыс аясын кеңейтіп, көпшілікке деген қажеттілігін арттыру арқылы мемлекеттік тіліміздің көсегесін көгертетініміз құпия емес.

Тіл саясаттың жүзеге асырылуына ұдайы назар аударып отыру, сол арқылы уақыт ағымына сай туындайтын жаңа мүмкіндіктерді айқындау - жауапты мәселе. Мемлекеттік тілдің аясын кеңейту де зор мақсат. Бұған еліміздің тиісті сала басшылары, тілші-ғалымдар мен тіл жанашырлары әрдайым назар аударып, ортақ мәселелерге байланысты ой-пікірлерімен бөлісіп отыруы келелі іс. Әлбетте, мемлекеттік тілдің жағдайы әрбір жанашыр азаматты толғандырары сөзсіз. Баршамыз осы іске бір кісідей атсалысып, үлесімізді қосатын болсақ, қазақ тілінің тұғырын биіктете түсеріміз анық.

Ал, мемлекет тарапынан Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін ұдайы жағдай туғызылып, қамқорлық жасалуда. Осы орайда, мемлекеттік органдарда, соның ішінде, соттарда да қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту жолында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, бүгінгі таңда сот жүйесінде де мемлекеттік тілде қаралатын істердің санын арттыру көзделіп отырғаны белгілі. Егер әрбір азамат өзінің құқықтарын дұрыс пайдаланатын болса, сотқа түскен істердің мемлекеттік тілде қаралу үлесі де артар еді. Өкінішке орай, бізде, көбіне сотқа дейінгі тергеп тексеру кезінде істердің негізін орыс тілінде рәсімдейді де сотқа келгенде істі сол тілде қарауға тура келеді. Өйткені, тергеушілер өздеріне ыңғайлы тілді таңдап алады да, тергеу барысын сол тілде жүргізеді.

Мына бір мәселелер де мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға ықпал етері анық. Еліміздің тіл саясатын насихаттауда ресми тілдегі бұқаралық ақпараттық құралдарына және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуде интернет-сайттарға қойылатын талаптарды күшейту. Осылар сияқты түрлі деңгейдегі бюджеттерден қаржыландырылатын қоғамдық ұйымдар мен консультативтік-кеңесші органдардың мемлекеттік тіліміздің абыройын көтерудегі қызметтерінің белсенді болуы шарт.

Мемлекеттік тілімізді кемелдендіруге бағытталған ұсыныстарымыз бен ой-пікірлерімізге көшейік. Бірінші – патриотизмнің ең шынайы көрінісі ретінде ана тілді білу қағидатын алға шығару. Қандастарымыз үшін патриотизм қашанда ұлттық қасиеттің ең биік дәрежесі. Мемлекеттік тілді қоғам өмірінің қайнар көзіне (ұлттық идеологияға) айналдыру мақсатында еліміздің қалаларындағы көшелерде мәтіні орыс тілінде жазылған ілінбелі үгіт-насихат құралдарын пайдаланудың тиімділігі зор. Патриоттық сезімді оятуға бағытталған байыпты ұрандар, сол мазмұндағы көрнекіліктер және әлеуметтік жарнамалардың қоғам мүшелерінің моральдық құндылықтары мен азаматтық ой-санасының қалыптасуына қапысыз әсер етеді.

Ернар ҚҰРМАНҒАЛИ,
Талдықорған қалалық сотының
бас маманы.

ЗАҢ

СОТ САРАПШЫСЫНЫҢ БЕДЕЛІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МӘРТЕБЕСІ

Қандай да бір салада арнайы ғылыми білімі бар және заңда белгіленген өзге де талаптарға сай келетін, қылмыстық процесті жүргізетін органның, соттың, тергеудің, анықтау органдарының өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті ғылыми негізде сот сараптамасын жүргізетін, алдына қойылған сұрақтар бойынша негізделген жазбаша қорытынды беретін адам ол сот сарапшысы.

Сот-сараптама қызметінің міндеті қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді сот сараптамасының нәтижелерімен қамтамасыз ету болып табылады.

Сот сарапшысы - юриспруденциямен байланысты беделді және қызықты шығармашылық мамандық. Сот сарапшысы азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын және мемлекеттің мүдделерін қорғау тетігі болып табылады.

Сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сараптамасын тағайындаған органнан (адамнан), сот сараптамасы органының басшысынан және басқа адамдардан тәуелсіз, іске мүдделі емес жеке дербес тұлға. Сонымен қатар, ҚР ҚК-не сәйкес, жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауапкершілікте болатыны ескертіледі.

Сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізу арқылы анықталатын қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер туралы маңызы бар нақты деректермен заңда белгіленген талаптарға сай, өзіне сот сараптамасын жүргізу үшін тапсырылған материалға жан-жақты, толық, объективті және ғылыми негізде зерттеу жүргізеді.

Мемлекет сот сараптамасын жүргізу жолымен белгіленетін істі шешу үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу жөніндегі жауапты міндеттерді сот сарапшыларына жүктейді.

Жұмыстың ерекшелігі сот сарапшыларынан тұрақты кәсіби жетілдіруді, өз міндеттеріне жауапты және кешенді көзқарасты талап етеді.

Сот сарапшысы мамандығы - өте қажет және елімізде сот сарапшылары жұмысының беделі жылдан жылға жоғарылап сұранысқа ие болуда.

Ляззат ЕСИМОВА,
Жетісу облысы бойынша
Сот сараптамалары зертханасының
бас сарапшысы

ҚОРШАҒАН ОРТА

ТАБИҒАТТЫ БАҒАЛАЙЫҚ

Табиғат – адам өмірінің ажырамас бөлігі, оның тіршілігінің қайнар көзі. Қоршаған орман, өзен, тау мен дала – әрқайсысы бізге өмірдің сұлулығын, тыныштығын және рухани жаңғыруды сыйлайды. Табиғатты бағалау – тек оның әсемдігін тамашалау ғана емес, сонымен қатар, оның сақталуына, экологиялық тепе-теңдіктің сақталуына деген жауапкершілігімізді білдіреді.

Табиғаттың маңызы. Ауа, су, топырақ – табиғаттың негізгі элементтері, оларсыз тіршілік мүмкін емес. Әр мезгілдің өзіне тән көркемдігі бар: көктемнің гүлденуі, жаздың жылы күндері, күздің алтын жапырақтары және қысқы ақ қар – бұлардың әрқайсысы табиғаттың ерекше сұлулығын паш етеді. Табиғаттың осындай өзгерістері адам жанын тыныштандырып, оның шығармашылық қабілетін оятады. Сонымен қатар, табиғат адамға денсаулық, сергектік және шабыт береді.

Экологиялық тепе-теңдік пен тұрақтылық. Алайда, қазіргі уақытта адамзаттың табиғатқа тигізетін зиянды әсерлері күннен-күнге артып келеді. Ауаны ластау, су ресурстарын сарқылту және топырақтың деградациясы – бұның барлығы экожүйенің тепе-теңдігін бұзады. Сондықтан табиғатты бағалау тек әсемдікті тамашалау ғана емес, сонымен қатар, оны қорғау мен сақтауға атсалысуымызды талап етеді. Қоршаған ортаны қорғау шаралары арқылы біз табиғаттың таза күйін сақтап, болашақ ұрпаққа мейірімді, гүлденген орта қалдыра аламыз.

Табиғатты бағалаудың жолдары:

• Білім мен ақпараттану: Табиғаттың құрылымы, экожүйелердің өзара байланысы туралы білім алу, оның ерекшеліктерін түсіну бізге экологиялық мәселелерді шешуде тиімді әрекет жасауға мүмкіндік береді.

• Экологиялық өмір салтын қалыптастыру: Күнделікті өмірде экологиялық таза өнімдерді пайдалану, қайта өңделетін материалдарды қолдану, энергия үнемдеу – бұлар табиғатқа деген құрметіміздің көрінісі болып табылады.

• Табиғатқа серуендеу: Табиғат аясында демалу, саябақтарда серуендеу, экологиялық туризм – адамға табиғаттың сұлулығын терең сезінуге көмектеседі.

• Қоршаған ортаны қорғау: Жергілікті экологиялық бағдарламаларға қатысу, табиғатты қорғау ұйымдарына қолдау көрсету арқылы біз табиғатты сақтауға өз үлесімізді қоса аламыз

Умеев Ж.С.
«Қапал орман шаруашылығы» КММ
Ақсу Арасан орманшылығы
2 шеберлік 3 айналым орман күтушісі

Дүйсенбі - Понедельник, 7 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая
07.00 «Оян!»
09.00 «Приключения Моли»
09.30, 21.00 Сериал «Зимородок»
11.30 «Тамаша»
12.00 President
12.15 «Әлеумет»
12.30, 19.00 Телехикая «Шашу»
13.30 Телехикая «Күзде келген көктем»
15.00, 20.00 Телехикая
16.00, 22.30 Сериал
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
00.30 Сериал

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 01.55 Паутина
07.00, 19.00 «koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 сериал
14.00, 01.25 «Новости»
14.15, 01.40 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.40 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 сериал «Реализация»
00.30 Ночной кинотеатр
03.05 «Той базар»

КТК

07.05 «Кел, шырқайық!»
08.05 «Қоштасқым келмейді»
10.20 сериал «Катина любовь»
14.10 «Реальная мистика»
16.10 сериал «Тайны»
18.20 сериал
19.40 «Астарлы ақиқат»
20.40 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 «Письма на стекле»
01.30 «Маруся»
02.20 «Вскрытие покажет»
03.10 «Тайны»
04.00 «Қоштасқым келмейді»
05.30 «Астарлы ақиқат»
06.15 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 «Әсем әуен»
09.30 «Абадан»
09.55 «Единый народ»
10.25 «Шашу»
11.00 «Саулықтың сыры»
11.10 «Шіркін-ай»
12.30 «Ұлт ұяты»
13.10 «Әсем әуен»
13.30 «Иман нұры»
14.00 «Өзекжарды»
14.30 «Арнайы репортаж»
14.50 «Тарихнама»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Жетісу әуендері»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
17.35 «Шыңыраудан шыңға»
17.50 «Диван батыр»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Баспасөзге шолу»
18.45 «Әсем әуен»
19.00 «Мейірімсіз ұл»
19.25 «Жетісу әуендері»
19.30 «Ғибрат»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30, 00.00 «31 әзіл»
07.00, 03.00 Tik Tok show
07.30 «Күліп All»
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Великий Человек-паук»
09.20, 22.40 «Айдаһарлар шайқасы»
10.30 Худ. фильм «Дети шпионов»
12.00, 19.00 Сериал
12.50 Случайный шпион
15.00 Худ. фильм
17.10 Худ. фильм «Такси»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Худ. фильм
02.00 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02.40 Time Vine
03.20, 05.00 What's up?
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.20 «Ризамын» ойын-сауы

7 КАНАЛ

06.00, 05.50 Әнұран
06.02 Телехикая «Ананди»
07.00 «Әзіл Әлемі»
08.00 Телехикая «Сезім үшін»
09.00 Фактор страха
10.00, 20.00 Великолепный век.
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
13.00 «Фактор страха»
14.00 Сериал «Миллионеры из общаги»
15.00 Сериал «Частная жизнь»
17.00, 18.20 Телехикая «Рәзия Сұлтан»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 Сериал «Султан Разия»
00.20 «Таптым-ау сені»
01.50 Жаңалықтар
02.10 Новости
02.40 «Жұлдызды шаңырақта»
03.30 Здоровье с Айнур Тажиной
04.00 Q-елі
04.40 Телехикая
05.00 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы
05.55 Үзіліс

Считать недействительным утерянный бланк ИБР Латвия универсальный №730340 ИП «Касимов» 970203300956.

Сейсенбі - Вторник, 8 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая «Пәленше Евтер-3»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Приключения Моли»
09.30, 21.00 Сериал «Зимородок»
11.30 «Тамаша»
12.00 «Көзқарас»
12.30, 19.00 Телехикая «Шашу»
13.30 Телехикая «Күзде келген көктем»
15.00, 20.00 Телехикая «Бахар»
16.00, 22.30 Сериал
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
00.30 Сериал «Перекресток»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 01.55 П@утина
07.00, 19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Сериал «Последняя электричка»
13.00 «Пусть говорят»
14.00, 01.25 «Новости»
14.15, 01.40 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
18.30, 02.40 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 Сериал «Реализация»
00.30 Ночной Кинотеатр
03.05 «Той Базар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.20 «Қоштасқым келмейді»
09.40 Вечерние новости
10.20 сериал «Катина любовь»
14.20 «Реальная мистика»
16.20 Сериал «Тайны»
18.20 Сериал
19.40 «Астарлы ақиқат»
20.40 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Письма на стекле»
01.25 Сериал «Маруся»
02.15 Сериал «Вскрытие покажет»
03.10 Сериал «Тайны»
03.50 «Қоштасқым келмейді»
05.30 «Астарлы ақиқат»
06.15 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.10 «Біз жанбасақ»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Аман болайық»/ тікелей эфир
13.10 «Әсем әуен»
13.30 «Баспасөзге шолу»
13.45 М/ф «Көне құмыраның сыры»
14.00 «Біздің өңір»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Жетісу әуендері»
17.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
17.30 «Абадан»
17.50 «Депозит»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Әмиян»
19.15 «Жетісу әуендері»
19.50 «Саулықтың сыры»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Күреңбел күлкісі» театрының концерті
23.40 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30, 00.00 «31 әзіл»
06.50, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 Мультсериал «Буба»
08.30 «Великий Человек-паук»
09.00, 22.40 «Айдаһарлар шайқасы»
10.10 Худ. фильм «Дети шпионов-2»
12.00, 19.00 Сериал «Ольга»
12.50 Худ. фильм «Ограбление по-Итальянски»
15.10 Худ. фильм «Такси»
17.10 Худ. Фильм «Такси-2»
21.00 Худ. фильм «Прямой контакт»
02.00 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02.40 Time Vine
03.00 «Tik Tok show»
03.20, 05.00 «What's up?»
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая
07.00 «Әзіл Әлемі»
08.00 Телехикая
09.00, 01.50 Жаңалықтар
09.30, 02.10 Новости
10.00, 20.00 «Великолепный век»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
13.00 «фактор страха»
14.00 Сериал «Миллионеры из общаги»
15.00 Сериал «Частная жизнь»
17.00, 18.20 Телехикая «Рәзия Сұлтан»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 Сериал «Султан Разия»
00.20 «Таптым-ау сені»
02.40 «Жұлдызды шаңырақта»
03.30 Здоровье с Айнур Тажиной
04.00 Q-елі
04.40 Телехикая
05.00 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы
05.50 Үзіліс

Сәрсенбі - Среда, 9 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Приключения Моли»
09.30, 21.00 Сериал
11.30 «Тамаша»
12.00 «Президентский резерв»
12.30, 19.00 Телехикая «Шашу»
13.30 Телехикая «Күзде келген көктем»
15.00, 20.00 телехикая
16.00, 22.30 Сериал
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
00.30 Сериал

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 01.55 «Паутина
07.00, 19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Модный приговор»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 сериал «Последняя электричка»
13.00 «Пусть говорят»
14.00, 01.25 «Новости»
14.15, 01.40 «жаңалықтар»
14.30 qoslike
18.30, 02.40 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 сериал «Реализация-2»
00.30 ночной кинотеатр
03.05 «Той базар»

КТК

07.05 кешкі жаңалықтар
07.20 «қоштасқым келмейді»
09.40 вечерние новости
10.20 сериал «Катина любовь»
14.20«реальная мистика»
16.20 сериал «тайны»
18.20 сериал
19.40«Астарлы ақиқат», ток- шоу.
20.40 Кешкі жаңалықтар
21.00 вечерние новости
21.40 сериал «письма на стекле»
01.30 сериал «Маруся»
02.20 сериал «вскрытие покажет»
03.10 сериал «тайны»
03.50 «қоштасқым келмейді»
05.30 «астарлы ақиқат»
06.15 кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.10 «Тағдырым, саған ризамын!»
12.45 «Менің анам»
13.00 «19 регион»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Ділмар»
17.00 «Менің анам»
17.15 «Әсем әуен»
17.50 «Мәңгүрт»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Мақсатына жеткендер»
19.30 «Агро аймақ»
19.50 «Саулықтың сыры»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30, 00.30 «31 әзіл» ойын- сауық
06.50, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Великий Человек-паук»
09.20, 23.10 «Айдаһарлар шайқасы» телехикаясы
10.30 Худ. фильм
12.00, 03.00 TikTok show
12.30, 19.00 Сериал «Ольга»
13.20 Худ. фильм «Охота на зверя»
15.10 Худ. фильм
17.10 Худ. фильм
21.00 Худ. фильм «хеллбои герой из пекла»
02.00 Реалити-шоу «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.20, 05.00 «What's up?» ойын сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина
05.20 «Ризамын» ойын-сауық

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «АНАНДИ»
07.00 «Әзіл Әлемі»
08.00 Телехикая «СЕЗІМ ҮШІН»
09.00, 01.50 Жаңалықтар
09.30, 02.10 Новости
10.00, 20.00 Сериал «Великолепный век. Кесем»
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
13.00 Реалити-шоу
14.00 Сериал «Миллионеры Из Общаги»
15.00 Сериал «Частная жизнь»
17.00, 18.20 Телехикая «Рәзия Сұлтан»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 Сериал «Султан Разия»
00.20 Мега- шоу
02.40 «Жұлдызды шаңырақта»
03.30 Здоровье с Айнур Тажиной
04.00 Q-елі
04.40 Телехикая «Тек қана қыздар»
05.00 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы
05.55 Үзіліс

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН МАЙДАНГЕР

Ереуіл атқа ер салмай,
Еңку-еңку жер шалмай,
Егескен жауын қашырмай,
Ерлердің ісі бітер ме...?!
(Махамбет батыр)

ТІРІДЕЙ ТОПЫРАҚҚА КӨМІЛІП...

Отан үшін от кешіп, елін қорғаған мыңдаған қазақ майдангерлерінің қатарында Кенжебай Әміровтың есімі ерекше құрметпен аталады. Ол атақты Ақсу топырағының Қарашілік ауылында (Алқалы колхозы) 1922 жылдың 27 наурызында дүниеге келген. Ауыл мектебін тәмамдаған соң, сол кездегі үрдіс бойынша еңбекке ерте араласады.

...Ұлы Отан соғысы басталысымен, «мені майданға жіберсеңіздер екен» деген өтінішпен әскери комиссариатқа барған Кенжебайға «сіз майданнан көрі тылда көбірек қажетсіз» деген «отказ» берілді. Кенжекең, ақыры, неше барып, қоймай сұрана жүріп, 1942 жылы майданға аттанды.

...Атақты Сталинград майданы. Гвардиялық жаяу әскер батальонының құрамындағы, қатардағы жауынгер Кенжебай Амиров қызмет ететін гвардиялық атқыштар ротасы Сталинград қаласына таяу жатқан шағын станция маңындағы ауқымды шоқыда қорғаныс шебін ұстап, жау артиллериясының артындағы жаяу әскерінің бетін қайтарған соң, жаудың танк шабуылының да бетін қайтарып, танкілерін отқа орады.

Танк шабуылы да сәтсіз аяқталып, жаралы қасқырша ызаланған фашистер көп кешікпей, әуе шабуылын бастап кетті.

Неше шабуылдап, тек шығын арқалап, нәтиже шығара алмағандарына ашынғандығы сондай, айналасы үш-төрт шақырымнан аспайтын біздің жауынгерлер шеп құрып жатқан қорғаныс төбесіне төрт бірдей жау самолеттері шүйлігіп кеп берді. Сондай жан алысып, жан беріскен шайқас үстінде жау самолетінің кезекті бір бомбасы ысқырып келіп, қатардағы жауынгер Амиров Кенжебай бұқпантайлап жатқан окоптың дәл үстіне түсті. Бұрқ етіп аспанға көтерілген жер қыртысының жал-жал топырағы басып тастаған қазақ солдаты қара жерге тірідей көмілді де қалды...

... Кенжекеңнің ауылдасы, жастайынан «жақын келсе тебісіп, алыс кетсе кісінесіп» құлын-тайдай бірге өскен досының не өлілер, не тірілер қатарынан табылмауына жүрегі ауырған Шәңгерей екі ииі салбырап, Кенжебай жатқан окоптың тұсын үшінші рет саперлық күрегімен әр жерінен шұқылай қазып, тексере бастады. Ұзыннан созылған окоптың орта шеніне жеткенде, күрегіне әлдебір жұмсақ нәрсе ілінгендей болды. Ол топыраққа көмілген Кенжебай еді...

Енді бір сәтте топырақтан арылған Кенжебайдың омырауын ашып жіберіп, «шіркін-ай, тірі болса екен...», - деп жүрек тұсына құлағын төсеп, тыңдап еді, әлсіз болса да, тіршілік нысаны сезілді. Жүрегі алып-ұшып, қуаныштан орнынан атып тұрған жауынгер бар даусымен: «Товарищ капитан, он живой! Брат мой живой!» - деп айқай салды. Сол арада, зембіл ұстаған екі солдат пен санинструктор да жүгіріп, алқына жетті...

Бір атадан жалғыз еркек кіндікті Кенжебай (қарындасы Тыныштықты есепке алмағанда) Құдіреті күшті Құдайымның: «Әмір әулетінің аты өшпесін, артында ұрпақ қалсын» деген қайырымы болар, сұрапыл соғыстағы бомбылаудан денесінің сау тамтығы қалмай жарақаттанғанымен, жүрегіндегі шыбын жаны ұшып кетпей, аман қалыпты. Бір жылдай Ресейдің әскери госпиталында емделіп, «соғысқа жарамсыз» құжатымен 1943 жылдың жаз айында мүгедек болып елге оралғанда, ол небәрі 21 жаста еді...

БЕЙБІТ ЕҢБЕК МАЙДАНЫНДА

Майдангер Кенжебай Амиров Жетісудың жеті өзенінің бірі, поэзия құлагері Ілияс Жансүгіровтың «ағынды менің Ақсуым» деп шабыттана жырлаған Ақсу жерінде қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Оның Әкесі Әмір – тау қозғалса да қозғалмайтын салмақты, көп сөйлемейтін тұйық болғанымен, шаруақор, өз ісіне берік адам болған екен. Кенжебай Әмірұлы ауыл мектебінен бар - жоғы төрт кластық білім алып, жас та болса, сол кездегі заман ағымындағы елді мойынсерікке біріктіру, артелдер құру мен колхоздастыру жұмыстарына қызу араласып кетеді. Аудан басшылығы Кенжекеңді Сағабүйен колхозының бригадирі етіп сайлайды (ескерту: кейіннен майданнан оралған К. Амиров Сағабүйен, Сағакүрес, Алқалы, Қарашілік, Жанаш атты бес ауылды біріктіріп ірілендірілген «Сағабүйен» колхозына бригадир болып тағайындалады). Ол кезде қазіргідей машина, трактор, сеялка мен комбаин сияқты техникалардың көлеңкесі де жоқ қой! Бәрін колхозшылар қолмен атқаратын. Жас бригадир әр тұрғынның қолдарында бар ағаш соқа, тырма, атарба, қамыт-сайман мен тісағаш сияқты құралдарды жинап, колхоздың аяқтан тік тұрып кетуіне қыруар жұмыс атқарды.

...Қан қасап майданнан мүгедек болып оралған Кенжекең 1943 жылдың жазында өзінің көңілі қалаған қызы, қараторының әдемісі – Бибіжамал Қыдырбайқызына үйленді. Бибіжамал шешейдің өмір жолын зерделеген адам, ол туралы бір романға жүк боларлық бай материалға кенелер еді. Бұл туралы Бибіжамал ананың сіңілісі Ұлтуар Қыдырбайқызы былай деп сыр шерткен еді: *«Бибіжамал мектепте үздік оқып, қоғамдық жұмыстарға белсене араласатын. Мектепті үздік тәмамдаған соң, ауылдың комсомол ұйымының жетекшісі лауазымында, ауыл тұрғындары арасында әскери тілмен айтсақ, «политрук» міндетін белсенді атқарды. Аудандық әскери комиссариаттың тапсырмасы бойынша, қыз-келіншектерге әскери дайындық (военная подготовка) сабағын өткізетін. Оның саяси сауатты, өжет, батыл, белсенді және бірбеткей мінезін білген әскери комиссариат пен аудан партия басшылығы осы жауапты міндеттерді сеніп тапсырған еді»,* - деген Ұлтуар шешей сүйікті сіңілісін көңіл айнасынан көріп, жанарында сағыныш жасы мөлтілдей әңгімелеп бергені бар.

АНАСЫ ЖАҚСЫ ҚАНДАЙ - ДЫ...

...Ия, қазақтың майдангер батыл жауынгері мен ер азаматқа бергісіз Бибіжамал - коммунистің адал да, пәк махаббаттарының белгісіндей болып, Кенжекеңнің 24 жасында, көктемнің гүлдері жайнап, талдары бүршік атқан ала таңында тұла бойы тұңғыштары Бисеке 1946 жылы «іңгәлап» жарық дүниенің есігін ашады. Бисеке туғанда майдангер аға: Тәуба, артымда тұяқ қалды. Тап қазір өліп кетсем де, арманым жоқ! - деп, қуаныштан, еңкілдеп тұрып жылаған екен...

Соғыс басталғаннан бастап, көптен күткен жеңіс жеткенше, ел-жұрт майданға азық-түлік, жылы киімдер тоқып жөнелтіп, әбден тұралап, қара нан мен қатықсыз қара суға қарап қалған уақыт. Бірақ, халық: «тәуба, ең бастысы - біз жеңдік. Енді, бұйырса, ел-жұрттың тұрмыс-жағдайы түзеліп, аста төк күнге де жетерміз!» - деп шүкіршілік ететін. Сол үкілі үмітімен, жас демей, кәрі демей, күндіз-түні тер төге, еселеп еңбек етті.

Бибіжамал ана мен майдангер Кенжебай әкей тұңғыштары Бисекеден кейін, араға төрт жыл салып, Мұсеке атты перзент сүю бақытына ие болды. Содан кейін, Нұрмеке, Нұрболсын, Нұрқасым атты алтын асықтай ұлдар туып, қуаныштары еселене түсті. Шіркін, адам баласы жақсылық атаулыға тойған ба, Бибіжамал ана ұлдан қашып, оларды көпсінгені емес, «Шіркін-ай, Құдай енді бір қыз берсе екен. Қартайғанда басымды қарап, сығып беретін» - деп армандап жүргенде, «шын жыласа, соқыр көзден жас шығады» дегендей, ол тілегін құдіреті күшті Құдай қабыл алып «арпа ішіндегі бір бидай» - Жібек қыз жарық дүниеге келді.

Осы очеркті жазу барысында Әмір әулетінің бәйтерегі Мұсеке Кенжебайұлы былай деп әңгімелеп берген еді:

– *«Жақсы адамдарды Алла қосады» демекші, Кенжебай әкеміздің Құдай қосқан қосағы - анамыз Бибіжамал Қыдырбайқызы әкейдің өзіне сай мейірім шуағы мол, өте балажан, көрші-қолаңға жайлы, мінезі көркем кісі (топырағы торқа, иманы жолдас болсын) еді. Біздің қоржын бас тамның дастарханы өмірі жиылмайтын, қонақтар көп келетін берекелі шаңырақ болатын. «Дастархан» демекші, Құдай-ау, ол кез кімнің тұрмыс жағдайы аста - төк болып жетісіп тұрған заман дейсің! Ақ ниет, шын пейілмен жайдарылана, күлімдей отырып берген қара шәй, қара нанның өзі келген ауылдастар мен қонақтарға қазы-қарта, жал-жаядай көрініп, балдай батып, судай сіңетін»,* - деген еді Мұсеке Кенжебайұлы өз естелігінде.

ӘКЕНІҢ ТӘЛІМІ

...Кенжебай ата мен Бибіжамал ананың сондай кіршіксіз таза көңілі мен шынайы ақ пейіліне орай, оларға Тәңірім балаларды молынан (Алла көп көрмесін) берді. «Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады» демекші, үпір-шүпір алты ұл мен «арпа ішіндегі бір бидай» - Жібек-қыз әкей мен анамыздың баға жетпес байлығы емес пе?! Солардың бәрі аман-есен өсіп жетілді, оқыды, тәуба, үйлі-баранды болды. Құдайым берейін десе, тақыр жерден де алтын бере салады екен, Жібек қыз туғаннан екі жылдан соң, яғни 1966 жылы кенжелері Мейрамбай туды, майдангердің әулетін мөлтілдеген мейірге бөлеп. Әрине, ол кезде Мейрамбайдың кенже болатындығын ешкім білген жоқ-қой.

Мұсекеңнің әкесі туралы, өткен өмірлері жайлы ағынан жарыла айтқан әңгімесінен ұққаным: «жаттығуда ауыр болса, майданда соғысу жеңіл болады» деген қағиданы берік ұстанған Кенжекең, тұла бойы тұңғышы - Бисеке бастаған алты ұлы мен «арпа ішіндегі бір бидай» - Жібек қызының саналарына адал еңбектің қасиетін ерте сіңіріпті. Сөйтіп, балаларының еңбекке ерте төселіп, шыныығуына, қатып-пісіп үйренуіне баса көңіл аударған екен. Әйтпесе, сол кездегі кейбір шолақ белсенділер сияқты, баласының басынан құс ұшырмай, колхоз жұмыстарынан босатып алуға беделі жетіп артылар еді-ау! Кенжекеңнің ұрпақтарының қай істі қолына алса да, содан нәтиже шығарғанша тынымсыз көрмей еңбектеніп, қажырлылық танытуы әр істің көзін, ыңғайын таба білу қасиеттері әкенің тәлімі, үлгі-өнегесі мен тәрбиесінің жемісі екендігі анық. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген халық мәтелі осындайдан айтылса керек. Майдангер әкенің: «Жұмыстың жаманы жоқ. Еңбекте ерінбесең – жемісін жейсің. Кімнің алдында болмасын, мерейің үстем болады. Қиындыққа мойымасаң – жеңіске жетесің» деген өсиетін балалары жас кезден миына сіңіріп, санасына берік ұялатты.

Әттең, қан кешіп, майдан даласынан мүгедек болып оралғанына қарамастан, ел үшін жан аямай, ашы терін тамшылата, күн-түн демей еңбек еткен аяулы әкенің 1977 жылы, бар-жоғы 54-тен 55-ке қараған шағында, соғыс салған жарақаттан, ауыр еңбек бейнетінің зейнетіне жете алмай, ең болмаса бір немересін көріп, бетінен өбе алмай, дүниеден озғаны өкінішті-ақ...

Сонда жанұядағы жеті баланың ең үлкені - Бисеке 30-ға енді ғана толып, ең кішісі Мейрамбай 10 жаста еді. «Мейрамбай» деп атау себебі: «Ұлы Октябрь революциясы» мейрамының қарсаңында туғандықтан, Кенжекең ырым қылып, ұлының атын солай атапты.

Тәуба, «орнында бар – оңалар» дегендей, артында жеті бірдей өнегелі де, тәрбиелі ұрпақ қалдырды. Олардың бәрі шетінен жоғарғы оқу орындарын бітіріп, әр жерде, шаруашылықтың әр саласында абыроймен еңбек етіп жүр. Сол қыз-ұлдарынан тараған ұрпақтарды жинасаң, тәуба, қара-құрасы мол бүтіндей бір үлкен ауыл. Мәуелі бәйтерек тәрізді жапырақтары жайқалған әулет.

Қазақта: «Пайғамбар ұрпағымен мың жасаған» деген тәмсіл сөз бар. Жеті балаға жарық дүние сыйлап, тәрбиелеп өсірген еңбегі Үкімет тарапынан «Күміс алқа» белгісімен Заң жүзінде бағаланып, әулеттің сәулеті, мәуелі де саялы бағы болған ардақты, аяулы ана - Бибіжамал Қыдырбайқызы мен өкінішке қарай, өмірден ерте өткен Кенжебайдай майдангер, абзал әкенің ұрпақтары тұрғанда, Әмір әулетінің өмірі тұйықталмай, немере шөберере, шөбере - шөпшек пен неменеге ұласып, ұрпақ сабақтастығы жалғаса бермек...



Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ,
жазушы – журналист,
Кемел Тоқаев атындағы детектив жанры конкурстарының лауреаты,
Қаратал ауданының «Құрметті азаматы»
Алматы қаласы

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

1945 - ЖЕҢІСКЕ ЖЕТКЕН

БИЫЛ БҰРЫНҒЫ КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛАРДЫҢ КЕЙБІРЕУІ АТАП ӨТЕЙІН ДЕП ЖАТҚАН 1941-1945 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ 80-ЖЫЛДЫҒЫ АТАЛМАҚШЫ. ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТЕҢДЕСІ ЖОҚ ЕРЛІГІ, ҚАЖЫР-ҚАЙРАТЫ МЕН БІРЛІГІНІҢ АРҚАСЫНДА МҰНДАЙ АЙТУЛЫ МЕРЕКЕ ҮЛКЕН ДЕҢГЕЙДЕ ТОЙЛАНБАҚ. БІЗ ӘДЕТТЕ, ӘСКЕР, СОҒЫС ТУРАЛЫ СӨЗ БОЛҒАНДА ЖУАН БІЛЕК, АПАЙТӨСЕР САРБАЗДАР КӨЗГЕ ЕЛЕСТЕТЕМІЗ. БІРАҚ ЕЛІМІЗДІҢ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ҚАТАРЫНДА СҰЛУЛЫҒЫ МЕН ЖАУЫНГЕРЛІК ӨНЕРІМЕН, ТАПҚЫРЛЫҒЫМЕН, БІЛІМДІЛІГІМЕН ТАЛАЙДЫ ТАҢҒАЛДЫРАТЫН, ИНАБАТТЫ, ҚАЙСАР МІНЕЗІМЕН КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛАТЫН НӘЗІК ЖАНДЫЛАР АРАМЫЗДА ЖЕТЕРЛІК. ТӨМЕНДЕГІ МАҚАЛАНЫ ДА ЖЕТІСУДАН ШЫҚҚАН БАТЫР, МАЙДАНГЕР АРУЛАРЫМЫЗДЫ ЕСКЕ ТҮСІРІП, КӨПКЕ КӨРСЕТУ МАҚСАТЫНДА ОҚЫРМАНҒА ҰСЫНДЫҚ.

САДРИЕВА ЗИГАН ГАЛАУДДИНОВНА

1922 жылы 29 желтоқсанда Татарстанда өмірге келген. Алғыр татар қыздарының бірі болып, Отанын қорғау үшін соғысқа аттанған. 1942 мен 1946 жылдар арасында майдан ортасында қан кешті. Ресейдің Калуга қаласында 1 айлық медициналық курстан өтіп, дала госпиталіне жіберілді. Госпитальда 20 жасар Зиган қыз ауыр жаралыларды көтеріп, киімдерін жуып, тамақтарын пісіріп, тағы да басқа жұмыстарды атқарды. Донор болып, ауыр жаралыларға қан тапсырып, талай жауынгерді өлімнен құтқарып қалған бекзат қыздардың бірі болған. 4 жыл екінші Белорус майданында жаумен айқасып, 1946 жылы ақпан айында Германиядан Отанына оралды. Ерлігі үшін, Берлинді азат еткені үшін, 1941-1945 жылдағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңісі үшін, басқа да мерекелік медальдармен марапатталған. Оның ерекше марапаты Кеңес одағының маршалы К.Рокоссовскийдің «Алғыс хаты» болатын.

Соғыстан кейін ол өз Отаны Татарстанға, одан кейін Қазақстандағы Лениногорскидегі туған туыстарына, кейін Текелі қаласына көшіп келді. Рудникте насос станциясында машинист болып, зейнеткерлікке шықты. Одан кейін тағы да он жыл Быткомбинатта жұмыс жасады. «Адал еңбегі үшін», Еңбек ардагері атанып, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Жауынгер, медбике, шахтер, ана, әже Зиган Галауддиновнаның қысқаша өмірбаяны осылай.

САГАТБЕКОВА СОФЬЯ КОШАНОВНА

Жауынгер, медбике, қазақтың келіні, Ескелді би ауданы Шымыр ауылында тұрған. Күйеуі Самасай екеуі 6 ұл, 2 қыз, 17 немере, 3 шөбере көрген көрегенді отбасы.

1927 жылы Ленинград қаласының тумасы 1943 жылы Ленинград түбіндегі санитарлық батальонға қабылданған. Ладого көлінен бастап екі аралықтағы жаралыларды Ленинградтағы госпитальға апарысқан. Соғысқа үш қыз бірігіп, өз еркімізбен сұранып барғанбыз. Бірі – Ғайнел Климова, екіншісі - Годения Мурлакова. Алдымен үшеуміз Мурманскідегі госпитальде істедік. Кейіннен бөлініп кеттік. Жаралы жауынгерлерді солар жазылып шыққанша күн-түн демей күттік. Талай қайғылы оқиғаны өз басынан кешкен Софья медбике қайсар қыз 1945 жылы қазан айында ғана әскер қатарынан босаған.

Шахтада жұмыс жасап жүрген қазақ жігіті Саймасаймен танысып, 1946 жылы шаңырақ құрған. 1952 жылға дейін шахтада еңбек етіп, талдықорғандық Саймасай елге қайтайық деген соң екеуі қол ұстасып туған жері Шымыр колхозына келген. Софья Кашафетдинқызы М.Калинин атындағы мектепте, кейін совхозда ұзақ жыл қойма меңгерушісі болып істеп зейнеткерлікке шыққан. Мұсылман дінін қабылдап, қазақтың әдет-ғұрпын сақтаған. Қазақтың сыйлы, инабатты келіні ұрпақтарының ортасында өмірден өткен.

БЕТЕБАЕВА ОКСАНА ДЕМИДОВНА

Соғыс ардагері, қазақтың келіні, медбике 1920 жылы 7 қазанда Полтава облысында дүниеге келген. Медучилищені бітірген 1941 жылы әскер қатарына шақырылған. Полтава қаласы №1668 әскери госпитальге медбике болып, күн-түн демей медбике жұмысын атқарған. Эшалон-эшалонмен барлық майдандардан әкелінген ауыр жаралыларға жәрдемін көрсетіп, операция жасалатын.

Осы госпитальға ауыр жарақатымен жаркенттік офицер Бекежан Теңгелбайұлы Бетебаев та түскен еді. Өрімдей жас, әдемі Оксана деген медбикемен танысып, госпитальда көп жатқан Бекежан бұл қызбен госпитальда үйленіп, өмір бойы бірге тұрып, 1 қыз, 1 ұл, 5 немере, 11 шөбере көрген бақытты отбасы саналған.

1945 жылы соғыс аяқталған соң жас офицер Бекежанды 5 жылға Германияны қалпына келтіруге отбасымен жіберген. Ол комендатурада қызмет етіп, 1950 жылы туған жері Жаркентке көшіп келеді. Бекежан – ұстаз, Оксана - медбике болып зейнеткерлікке шыққан. Ал қазақтың келіні Оксана Отан алдындағы ерлігі үшін «Отан соғысының» 2-ші дәрежелі, «Қызыл жұлдыз» ордендерімен, Г.К.Жуков атындағы медальмен және 10-нан аса басқа да медальдармен марапатталған.

УСКЕНБАЕВА САКИНА ГАБДРАШЕВНА

Татардың қаһарман қызы, радист, 1925 жылы 10 желтоқсанда Татарстанның Турутук ауылында өмірге келген.

1942 жылы өз еркімен Отанын қорғау үшін соғысқа аттанған. №6203 радистер дайындайтын 3 айлық курсты «өте жақсы» бағамен бітірді. 15 Әуе армиясының 15-ші жеке полкіне 1-ші классты радист болып тағайындалды. Әскери старшина атағы берілді. Москва қаласына Әуе күштері қатарына жақсы радист ретінде жіберіледі. Одан кейін өзінің 15-ші Әуе армиясының полкіне қайтарылады.

1945 жылы қазан айында контузия алып, әскер қатарынан босатылады. 1947 жылы бауыры Қарағандыға көшіп келеді, одан кейін Қаратал ауданы Үштөбе бекетіне көшіп келіп, теміржол поликлиникасында медрегистратор болып қызмет атқарды.

Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерлігі үшін Екінші дәрежелі «Отан соғысы» орденімен және 10-нан аса медальдармен марапатталған. Сакина ардагер-жауынгердің 2 ұлы, 2 қызынан 15 немере, 20 шөбере көріп отырған бақытты, мейірімді ана, әже атанған.

ЧЕКУРИНА ЕКАТЕРИНА ИВАНОВНА

Соғыс ардагері, медсестра, 1923 жылдың14 сәуірінде Алтай өлкесінде туған. 1942 жылы өз еркімен Владивосток қаласында орналасқан әскери госпитальға санитарка болып барады. Одан соғыста Қиыр Шығыс Сибирь дивизиясының госпиталінде қызмет атқарған. Жер кепеде тұрды. Жаралыларды емдеді. Адам төзгісіз жағдайда өмір сүрді. Кейін Калинин фронтына жіберілді, Смоленск маңындағы солдаттармен тұтқынға түсті. Кейін қашып шығып, өмір бойы КГБ қаһарына ұшырады.

Туған жеріне соғыстан кейін келіп еді, жергілікті жердегілер жұмысқа алмады «пленде болдың» - деп. Сонымен Қазақстанның Текелі қаласындағы әпкесін паналауға тура келді.

Текелі қорғасын-мырыш комбинатында, кейін қалалық оқу бөлімінде кассир болып, 1979 жылы зейнеткерлікке шықты. «Еңбек ардагері» медалімен, Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Тек 1993 жылы «үш әріп» Әскери комиссариаты Екатерина Ивановнаның соғыстағы ерлігін тексеріп, кешірім сұрап, оның соғыс ардагері екенін мойындады. Жақсылықтың ерте-кеші жоқ деген осы. Өмірдің ащысы мен тұщысын көрген Екатерина апай Ұлы Жеңісті өз құрдастарымен өмірден өткенше қарсы алып тойлаған... Ол кісі өмірден 2016 жылы тамыз айында өтті... Кейін берілген «Отан соғысының екінші дәрежелі» ордені мен оннан аса мерекелік медальдарын ұрпақтары мәңгі сақтар.

ЦВЕТУХИНА АННА СЕРГЕЕВНА

Ұлы Отан соғысы жылдары Әуе Қорғаныс бөлімінде әскери борышын атқарған. Жауынгер Анна Сергеевна 1921 жылы 1 желтоқсанда Москва облысы Луковицкий ауданы, Белохомут ауылында туған. Соғыс басталған соң өз еркімен 1942 жылы наурыз айынан Москва түбіндегі Әуе әскери бөлімінің «құпия» бөлімінде абыройлы қызмет атқарған. Хат тек №10255 почта арқылы соғыс біткенше алып жазып тұрды.

Отан алдындағы ерлігі үшін «2-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, 14 мерекелік медальдармен марапатталған.

КСРО-ның Жоғары Бас Қолбасшысы И.В.Сталин қол қойған «Алғыс хатын» алғанда қуанғаны әлі есінде екен.Әуе эскадронының құпия бөлімінде соғыстың аяғына дейін істеді.

1945 жылы соғыс аяқталған соң әскер қатарынан босатылды. Қазақстандық жігітпен танысып, тұрмысқа шығып, Алакөл ауданында қазіргі Сахзавод поселкісінде сауда саласында қызмет атқарып, 1976 жыл зейнеткерлікке шыққан. 4 ұл-қызды тәрбиелеп өсірген бақытты ана, немере-шөберелерінің сүйікті әжесі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕТІСУДЫҢ ЖАУЫНГЕР АРУЛАРЫ

РӘЗИЯ (РОЗА) ӨМІРӘЛІҚЫЗЫ СЫЗДЫҚОВА - от пен оқтың арасында бейнет кешкен десантшы

Қазақ қыздарының ерлігі Ұлы Отан соғысының шежіресіне ойылып тұрып жазылған. Сондай ержүрек қыз-қырандардың бірі Қызылордалық Роза апай. Соғыстың алдында мектепте оқып жүрген-ді. 12 жасында әкесі дүние салды. Тұрмыстың ауыр тұсы еді ғой. Соңында қалған 5 баланы асырау оның анасына оңай болған жоқ. Роза мектебіне барып жүріп, ауылдың ауыр жұмысына араласып, еңбек етті. Ешкінің лағындай ойнап-күліп жүрген уағында Ұлы Отан соғысы басталды да кетті. Қыран-қыз 1942 жылдың 22 мамырында өз еркімен соғысқа аттанды. Ол туралы апай өз естелігінде былай дейді.

– Күн аңызақ еді. Біз 17-20 жас аралығындағы 126 қыз эшалонға отырып, Қызылорда қаласынан Батысқа аттандық.
Жауға деген ыза-кегіміз кеудеге сияр емес. Тамбов облысының Моршанск қаласына әкеліп түсірді. Осы күннен бастап біз соғыс өнерін игеру үшін оқу-жаттығу базаларында болдық – дейді ол.

Сонымен, Роза Өмірәліқызы парашютистер дайындайтын курсқа бөлінді. Соғыс жылдарындағы әскери тәртіптің қатаңдығын бірден мойындаған Рекең барлық қиындықты жеңе отырып, техника тілдерін тез меңгерді. Сол жылдың желтоқсан айында Роза авиация полкінің құрамында соғысқа келіп кірді. Десантшылар полкінің қандай ауыр операциялар жасайтынын біреуіміз білсек, біреуіміз білмейміз. Шындығына келгенде ол ең қауіпті әскер түрлерінің қатарына жатады. Оқу-жаттығу кезінде үйренген әдісті соғыс барысында соншама жеңіл болды деуге болмас. Ұрыс түйінін шешетін қажетті тапсырмамен сонау ала бұлттың ар жағынан тасталынатын парашютистердің тағдыры қыл үстінде болатыны екі бастан белгілі. Десантшыларда қорғаныс деген болмайды. Олар шабуылға шығушылардың алдыңғы «атакасында» жүретін күш. Осындай тапсырмалардың бәрін абыроймен орындап, кейін Брянск, екінші Прибалтика және Ленинград майданында батыл әрекеттермен майдандас достарының алғысына бөленгені әлі есінде.

Бірде Роза апай өзінің жерлесі Таня Сургановамен бірге кезекті тапсырмамен түнде орман үстіне түсіріледі. Сол жерден тапсырма орындалғанша әрекеттер жасайды да, таң ата өзінің полкіне қарай келе жатады. Бір шағын өзеннің бойында мотоциклді көреді. Ақырын аңдып барса, оның ішінде рация, автомат және солдаттың киім-кешегі жатады. Сөйтсе, неміс солдаты оның жанында жуынып отыр екен. Қолма-қол Таня екеуі оны «жансыздандырып», полкке алып келеді.

Міне, Рекең туралы және оның ерлік істері туралы айта берсе әңгіме көп. Бәрін тізбелеп айта беру міндет емес те шығар. Ол Жеңіс туы желбірегеннен кейін Москвада болған Жеңіс парадына қатысқан қазақ азаматтарының бірі еді.

Соғыстан кейін болашақ қосағы Жолан Сыздықовпен отау құрады. Осы тұстан бастап олардың тағдыры қосылады. Жолан ағамыз көп жылдар Талдықорған облысында партия совет ұйымында басшылық жұмыс істеді.

1974 жылы Талдықорғанда дүние салды. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған Роза Өмірәліқызы апай нағыз бақытты жан деуге болады. Қыздары Гүлім, Мұхтарита, ұлы Нұрлан Талдықорған қаласында өсті. Роза десантшы, қайраткер, ана, әже туралы бәрін тізбектей айта берсе әңгіме көп.

Омырауы толған орден мен медаль, артиллерия командирі болып, Берлиннен аман-есен оралған Жетісу жеріне адал басшы қызмет атқарып зейнетке шыққан жандардың бірі де бірегейі еді.

САЛИМОВА ШӘМШІБАНУ

Жер жаннаты Жетісудың ең бір көркі жері Сарыбел ауылының тұрғыны. Соғыс ардагері, байланысшы, кіші сержант Шәмшібану туралы қолда бар деректерге сүйеніп мәлімет бергенді жөн көрдік.

Үлкен ағасы Ғайнулла 1940 жылы Қызыл әскер қатарына шақырылып, Приморье өлкесінде өз міндетін абыройлы атқарып жүргенде 1941 жылы маусымда соғыс басталып, ағасынан хабар келмей, тек «қара қағаз» келгенін көрген қарындасы Шәмшібану ағасының кегін алуға соғысқа аттануға бел буған. Ол алғашқы алты айда комсомолдық жолдамамен байланысшы-телефоншы курсын бітіріп, өз еркімен байланысшылардың бөлімшесіне қабылданады. Соғыс жолы ауыр, қанды жол екенін түсінген жетісулық жас қыран қыз бір қолына қару алып, екінші қолына көшпелі байланыс телефон аппаратын алып, соғыстың алғы шебінде байланысты бақылау, үзіліп қалған байланыс жүйесін жерде, суда, батпақта т.б жерде болсын жалғау – қаршадай қазақ қызының міндеті еді.

Байланысшының міндеті күн-түн демей бұрқылдаған оқтың, снарядтың жарылысы астында аман-есен өз міндетін орындау. Сонымен қатар жараланған жауынгерлерге көмек көрсету 18 жастағы ару қыздың міндеті болатын. Шәмшібану апайдың облыстық «Заря коммунизма» газетінің (22.03.1985жыл) тілшісіне берген сұхбатын қысқартып бергенді жөн көрдік.

– Младший сержант Салимова! – кричал ей в ухо охрипший офицер, весь обсыпанный землей от взрывов снарядов. Наши уже на том берегу, развивают наступление. Прервана связь. Пойдешь с разведчиками и восстановишь. Быстро!

Гладь реки была вспучена разрывами. Сквозь шквал огня Шамшибану упрямо продвигалась вперед, потом поплыла. Совсем рядом увидела раненного бойца, он выбился из сил,преодолевая водную преграду.Шамшибану одной рукой обхватила голову солдата, стараясь держать ее, над водой, другой продолжала грести. Раздался взрыв, их накрыло упругой волной, разбросало в разные стороны. К счастью, берег был близок. А ей все труднее двигать руками и ногами. В голове стоит шум от удара, к тому же нахлебалась мутной воды. Но одна мысль двигала ее вперед. «Связь восстановить, связь» ...Рядом оказался раненный солдат. Помогая друг другу выбрались на берег. Шамшибану отыскала телефонный кабель, потянула на себя. Он легко поддался. С трудом отыскала место разрыва,соединила два конца. Связь между штабом и передовой была восстановлена.

Соғыс ардагерінің аман-есен Жеңіс тойын Берлин қаласында Рейхстагқа желбіреген қызыл туды көріп тойлағаны, суретке түскені өмірінің ең бақытты күндерінің бірі еді...

Отан алдындағы ерлігі үшін «Варшаваны азат ету», «Берлинді алу» тағы басқа марапаттарымен қоса 8 ұл-қызды тәрбиелеп өсіргені үшін «Ана даңқы» 2-ші дәрежелі медалімен марапатталған және 12 немере сүйген мерейлі, бақытты әже атанған.

Өзімен қоса соғыста от кешіп ерлік көрсеткен Аня Штельман, Шура Нешеретных, Клава Антонова, Дина Атоманова, Маруся Соловьеваны атамауға болмайды.

Жауынгер, байланысшы, адал жар, балаларының анасы, немерелерінің әжесі Шәмшібану апай өмір бойы «Ел аман, жұрт тыныш болсын!» дейтін.

СМИРНОВА ВАЛЕНТИНА ИВАНОВНА

Соғыс ардагері, фельдшер. 1922 жылы 6 ақпанда Белгород облысының Родниково ауылында туған.

1941 жылы Қызыл әскер қатарына шақырылған. Алдымен Қиыр Шығыстағы, содан кейін Москва маңындағы әскери госпитальге ауыстырылады. Соғыс жылдары Валентина Ивановна соғыс алаңынан бұрқыраған жау оғына қарамай жүздеген жаралыларды алып шығып, жедел жәрдем көрсеткен фельдшердің бірі және бірегейі.

«Жетісудың жеңімпаз жауынгерлері» атты Ұлы Отан соғысының 70 жылдығына арналған жинағында (Алматы, 2015) Валентина Ивановна бір соғыс эпизодын былай еске алады:

... – Солдаты наши не успели окопаться, противнику видны были они, как на ладони. Раненные поступали непрерывным потоком. Мы выносили их с поля боя, несмотря на ураганный огонь фашистов, затем эвакуировали в полевой госпиталь всеми видами транспорта, который следовал за боеприпасами» (стр.300).

1948-1956 жылдар аралығында Германияның Магдебург қаласында жұмыс жасаған. Баласы Владимир сонда туған.

1956 жылы Алматы облысы Стахановка поселкалық фельдшерлік пункт меңгерушісі болып қызмет атқарған. 1977 жылы зейнеткерлікке шыққан. 1982 жылдан Қаратал ауданы Үштөбе аудан орталығында өзі және ұрпақтарымен тұрып жатыр.

Соғыс ардагері «Отан соғысы» орденінің 1 дәрежелі, «Маршал Жуков», «1941-1944 жылғы Ұлы Отан соғысының Жеңісі», «Жапонияны жеңу» ордендері және 18 мерекелік медальдармен марапатталған. Валентина Ивановна Қаратал ауданының құрметті азаматы.

Деректерді іздестіруші,
тарихшы-өлкетанушы: Құлтай НҰРҚАБЫЛҰЛЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҰРПАҚҚА ӨМІР ЖОЛЫН ЖАЙЫП САЛҒАН

Қадірменді оқырман! Жазбамыздың беташар кіріспесін автордың «Оқырманға арнау сөзіндегі»: «Біз барды бар, жоқты жоқ» деп өскен ұрпақтың өкіліміз. Бұл кітапта мен ата-бабамды, әке-шешемді немесе туыстарымды мақтауды мақсат еткен жоқпын. Олардың небір аумалы-төкпелі замандағы өмір жолдары, өнегелі істері кейінгі ұрпаққа үлгі болып жетсін деген оймен қолыма қалам алдым. Өзімнің бастан кешкендерімді де боямасыз, сол қалпында қағазға түсірдім», – деген ақжарма тілегімен бастауды құп көрдім.

Жер жаннаты Жетісудың бүгінгі ардақ тұтар аға буын, зиялы қауым өкілдері арасында ардагер мемлекеттік қызметкер, республика Парламенті Мәжілісінің V,VI шақырылымының депутаты, Қазақстанның Алманиядағы елшілігінің дипломаты (1994-1995 ж.ж.), Арқадағы «Сарыарқа» волейбол клубының сайыпқыраны, отаншыл, ақынжанды, ұлтжанды азамат Ерсұлтан Бектұрғановтың есімі бір адамдай танымал. Неге десеңіз, оның 1982 жылдан басталған, әу басындағы аудандық партия, кейінде облыстық Кеңес, бертіндегі әкімшілік (әкімдік), Президенттік аппараттағы, яғни саяси қызметтегі, тіпті халық қалаулысы (2012-2021 ж.ж.) атанған тұстағы жарқын іс-қызметі Жетісу өңірі, оңтүстік астана Алматымен қамшының қос өріміндей жымдасып өрбиді.

Сонау Қызылқұмның қиясындағы Әмударияның бойындағы Тақтакөпір ауданында (әу басында қазекемнің Атажұрты саналған, Қызылорда облысының құрамында болған Кеңестік өктемдіктің зардабынан көршілес Өзбекстанның құрамына қосылған Қарақалпақстан өңірі) білікті шаруашылық басшысы, көргені көп, перзенттеріне асқар тау әке бола білген Өтеғұл мен қазақы отбасының ұйытқысы Перузадай ананың, алдындағы үш ағасы мен апасының тәлім-тәрбиесімен өскен Ерсұлтан бала кезінен «Өнер – бұлақ, білім – шырақ» ұстанымымен оқу мен еңбекке құштар болып өседі.

«Өз қатарымнан қалмай, дипломды маман атансам» деген үміт жетегімен 1967 жылы мектептің 8-ші сыныбынан кейін ағалар салған жолмен он бес жасында Нөкіс автомобиль-жол техникумына оқуға түседі. Ауыл баласының қалалық жерге үйренісуі де жеңіл соқпайды. Заманының оң өзгерісі ықпалымен 1970 жылы техникумды бітірерде 8-сыныпты аяқтағандарға шұғыл (экстерн) емтихан тапсыру, орта білім аттестатын алу мүмкіндігі туады. Техникумда оқығандықтан 3-санат деңгейіндегі жүргізуші куәлігін иеленеді (кейін мұның бәрі пайдаға асады).

Атажұрт Қазақстанға, онда да бүгінгі Таразға қанатына арман байлап жеткенін баса айтсақ, алғашқы талпынысы Жамбыл гидромелиоративтік институтының қабылдау емтиханында қатал мұғалімнің сүріндіргеніне жүнжімей Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиясы институты жанындағы дайындық тобына қабылданады. Келесі 1971-1976 жылы аталған оқу орнының механика факультетінің студенті, топтың старостасы атанады. Ең соңында қызыл дипломмен бітіреді, ассистенттік қызметке ие болады. Көп ішінен сүйіп таңдаған өмірлік жары Гүлнармен жарасты отау құрады.

Қан майданнан аға лейтенант болып оралған, Жамбыл мен Талдықорған облыстық тұтынушылар одағы төрағасы басшылық қызмет атқарған Жасболат аға мен Күләш апаның екінші перзентіне айналады. Сол қоғамның тілімен айтсақ, 1977-1978 жылдары Отан алдындағы әскери борышын өтейді. Екі арада тұңғыштары Жанар өмірге келеді...

Өзіміз де басымыздан өткіздік, көзіміз көрді бастаушы, бағыттаушы тек қана Коммунистік партия болған советтік заманда партия мен Кеңестік органды айтпағанда, әр саладағы шаруашылық пен кәсіпорын басшысы мен қосшысы лауазымына қол жеткізу үшін коммунист болуы міндетті еді. Мүшелікте жоқ адамның құлашы жазылмай, қолы қысқарып жататын. Осы заңдылықты жете ұғынған кітап авторы әкенің үш талабының біріншісі – жоғары білім алу, екіншісі – орыс тілін жетік меңгеру, партия қатарына өту қарекетін жасап бағады. Интеллигенттерге орын шектеулі. Сондықтан өндіріске барады. Институттағы күндізгі мұғалімдігін кешкіге ауыстырып, Жамбыл электр жүйелері мекемесінің цех бастығы болады. Алдымен кандидат, ізінше коммунист (1981 ж.) атанады.

Жас маман Ерсұлтан одан кейін Қапал аудандық құрылыс мекемесінде (ПМК-2311) жоспарлау-экономикалық бөлімінде қызмет атқарады.

Оның сауаттылығының бір көрінісі сол, ол жасаған алда салынатын құрылыс нысанына қажетті жабдықтар мен материалдардың ұсыныс есебі облыстық құрылыс тресінде талдаудан өтіп, кідіріссіз

қабылданатыны еді. Бұған риза болған мекеме басшысы Ф.Матрузиев уақыт өте келе партия ұйымының отырысында оған жақсы мінездеме беріп, аупарткомға қызметке ұсынады. Жұмыстың қыр-сырын жақсы игерген Ерсұлтан аудандағы жұмысының келесі сатысын үгіт-насихат бөлімінің нұсқаушылығынан бастайды.

Ұйымдастыру бөлімінен соң партия комиссиясының төрағасы (1985 ж.) қызметіне бекітілер тұста намысқа тиетін, ұлтты қорлайтын мына бір оқиға орын алады. Сол заманның тәртібімен аупарткомбюросының Е.Бектұрғановты аталған комиссияның төрағалығына ұсынған шешімі облпарткомның бюросында қаралып, бекітілетін. «Жерден жік шықты» дегендей, сол отырыста обкомның екінші хатшысы Г.Чубов: «Қарақалпақстанда туыпсың, сонда оқыпсың. Қазақстанға қалай келдің? ЖОО мұғалім болыпсың? Неге кеттің? Жамбылдан Талдықорған облысына не үшін көшіп келдің?», – деп қатты шүйілігеді. Алдағы бюрода міндетті сөйлейтінін айтып дігірлейді. Күрделенген мәселені жеңілдетуге жанашыр болған, онда да обкомның бірінші хатшысы Ә.Тыныбаев араласып, бюро отырысында кандидаттың іс-қызметін егжей-тегжейлі тексергенін, Жамбыл институтынан жағымды мінездеме алғанын айта келіп, сырттағы қандас ағайынды шеттеткісі келген ұлтшылдық пиғылдағы Чубовтың аузын жаптырады.

Іскерлігі және біліктілігімен ерекшеленген жас маман елге танымал Қапал аупарткомы бірінші хатшылары: Р.Тазабеков, Р.Кәріпжанова, О.Жақиянов, Т.Медетбеков сияқты белсенді азаматтармен қызмет атқарып, партия жұмысындағы еңбегін шыңдады.

Атқарған қызметі тындырымды болған Ерсұлтанды сол кездегі обкомның бірінші хатшысы С.Тұрсыновтың көзіне түсіп, ол облыстық партия комитетіне жұмысқа шақырылады. 1991 жылы облыстық партия мен облыстық Кеңес біріктіріліп, облыстық Кеңестің аппарат жетекшісі болады.

Тәуелсіздік алғаннан соң Герман Федеративтік республикасына Қазақстанның елшісі болған С.Тұрсыновтың ұсынысымен (1994 ж.) осы саладағы қызметіндегі ұлт намысына қатысты төмендегі екі оқиғаны атап өтпеске болмайды.

Біріншісі, Рейн өзенінің жағасындағы ғимаратта елшіліктің ресми ашылуына ҚР вице-президенті Е.Асанбаев қатысатын болады. Салтанатты жиында оқылатын құттықтаудың орыс тілінде жазылғанына көңілі толмаған Ерік Мағзұмұлы: «Еуропаның ортасында сөз қазақ тілінде шыққаны дұрыс еді», – деп тілек білдіреді. Елші С.Тұрсыновтың айтуымен бұл міндет қазақшаны жақсы жазатын дипломат Ерсұлтанға жүктеледі. Содан не керек, вице-президент көмекшісі Ержаннан орысша мәтінді алып, аударып қана қоймайды, оны толықтырады. Уақытпен есептеспей, түн мезгіліне қарамай елшіліктің «Ятрань» машинкасымен Е.Асанбаевтың сөзін дайындап, таңғы аста табыстайды. Оқып шыққан ол ризашылығын білдіреді. Осылайша ұлтымыздың тілі Германия жерінде жарасымын табады.

Кейіпкеріміздің ендігі бір ұлтжандылық қасиеті жайында. Сонау 1995 жылдың ақпанында Майндағы Франкфурт қаласына спидвэйден (мұздағы жарыстан) өтетін әлем чемпионатына еліміздің бір топ спортшылар келіп, елшілік дипломаттарын көрермен болуға шақырады. Біздің жігіттер барлық қарсыластарын жеңіп, финалға Финляндия командасымен шығады. Жеңімпаз атанады. Чемпионатты ұйымдастырушылар өздерінің туларын стадионға іледі. Алайда спортшыларымыз біздің елдің туын әкелуді ескермепті. Осы ыңғайсыздықты дереу сезген Ерсұлтан жанкүйер ретінде пайдаланған қолындағы туды алады да стадионның ортасымен жүгіріп барып, ту көтергішке қыстырады. Осылайша көк туымыз көкте шалқи түсіп желбірейді. Шіркін, туған тіліміз бен ұлттық рәмізімізге деген нақ осындай сүйіспеншілік әрқайсымыздың бойымыздан табылса, онда біздің ұлттық мүддеміз бүгінгіден де биік тұрар еді-ау!

Мемлекеттік қызметкер, «Құрмет», «Парасат» ордені мен екі мәрте «Алтын барыс» төсбелгісінің иегері Е.Бектұрғановтың «Ғұмырдария» естелік-эссесін зерделеп оқығанда аңғарып, көңілге түйгеніміз, автордың бойынан бәрін білдім, бәрін мен жасадым деген өркөкіректік, мақтаншылық мүлдем байқалмайды. Есесіне кішіпейілділік пен қарапайымдылық басым. Бұл турасында автор: «Жайып салдым алдарыңа барлығын, ашып бүгін ғұмырымның сандығын. Қолға алған әрбір асыл жандарға, мен тіледім өмірдің сән шуағын!», – деп ағынан ақтарылады. Оның әсіресе Жетісу азаматтарының қолдауына білдірген алғыс сезімі тіпті ерекше.

Тізгін тартар түйін сөз: әлеуметке, ұрпаққа өмір жолын жайып салған мемлекеттік қызметкер, Алматы облысының құрметті азаматы Ерсұлтан Бектұрғановтың аталған кітабын оқыған, оны зерделеген жанның таным мен көңіл көкжиегінің кеңейе түсеріне бек сенімдіміз.

Жазбамыздың соңын: «Өзім де кішкентай ауылдан шығып, Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласында жоғары білім алып, Талдықорған, Бонн (Германия), Алматы, Астана қалаларында қызмет жасап, үйлі-күйлі болып, ұрпақ өсіріп, таудан аққан өзендей өмірде өз жолымды таптым деп ойлаймын. Міне, сондықтан да көңіл айдынында тұнған ойларымды «Ғұмырдария» деп атауды жөн көрдім. Өз сөзімді:

Бұл жүзжылдық атансын алтын ғасыр!
Дариямыз ешқашан сарқылмасын.
Өркениет жолында қанат жайып,
Бақ-жұлдызы елімнің жарқылдасын!», – деген жыр-тілегіммен түйіндегім келді...», – деп тебіренген лебізімен аяқтауды ұйғардық. Ерсұлтан інімізге алдағы уақытта да: «Жазарың мен айтарың көбейсін!», – демекпіз.

Қараша Қараман,
журналист
Алматы облысы

Бейсенбі - Четверг, 10 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 Телехикая «Пәленшеевтер-3»
07.00 «Оян!»
09.00 Мультсериал «Приключения Моли»
09.30, 21.00 Т/с «Зимородок»
11.30 «Тамаша»
12.00 «Көзқарас»
12.30, 19.00 Т/х«Шашу»
13.30 Телехикая
15.00, 20.00 Т/х «Бахар»
16.00, 22.30 Сериал
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
00.30 Сериал

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00, 01.55 «П@утина»
07.00, 19.00 «Koremiz-Шоу»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся!»
11.50 Сериал «Последняя электричка»
13.00 «Пусть говорят»
14.00, 01.25 «Новости»
14.15, 01.40 «Жаңалықтар»
14.30 Qoslike
18.30, 02.40 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.35 Сериал «Реализация-2»
00.30 Ночной кинотеатр.
03.05 «Той базар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.20 «Қоштасқым келмейді»
09.40 Вечерние новости
10.20 сериал «Катина любовь»
14.20 «Реальная мистика»
16.20 сериал «Тайны»
18.20 сериал
19.40 «Астарлы ақиқат», ток-шоу.
20.40 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 сериал «Письма на стекле»
01.30 сериал «Маруся»
02.20 сериал «Вскрытие покажет»
03.10 сериал «тайны»
03.50 «Қоштасқым келмейді»
05.30 «Астарлы ақиқат»
06.15 кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Саулықтың сыры»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
12.00 «19 аймақ»
12.30 «Шаңырақ»/ тікелей эфир
13.20 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Мақсатына жеткендер»
14.30 «Агро аймақ»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Өзекжарды»
17.00 «Аман болайық»
17.40 «Әсем әуен»
17.50 «Кешірілмес қате»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Шыңыраудан шыңға»
19.30 «Ащы да болса...»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Біз жанбасақ»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 00.00 «31 әзіл» ойын-сауық
06.50, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00 Мультсериал «Буба»
09.00 Мультсериал «Великий Человек-паук»
09.30, 22.40 «Айдаһарлар шайқасы»
10.40 худ. фильм «Мои счастливые звезды-2»
12.30, 19.00 Сериал
13.20Худ. фильм «Прямой контакт»
15.10 «Такси-3»
17.10 «Такси-4»
21.00 Худ. фильм
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 Time Vine
03.00 Tik Tok show
03.20, 05.00 What's up?
04.20 «1001 Әзіл»
04.30 Телевикторина
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 Телехикая «Ананди»
07.00 «Әзіл Әлемі»
08.00 Телехикая «Сезім үшін»
09.00, 01.50 Жаңалықтар
09.30, 02.10 Новости
10.00, 20.00 Сериал
11.00, 21.00 Сериал «Бесценное время»
13.00 «Фактор страха». Реалити-шоу
14.00 Сериал
15.00 Сериал «Частная жизнь»
17.00, 18.20 Телехикая
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
22.40 Сериал «Султан Разия»
00.20 «Таптым-ау сені»
02.40 «Жұлдызды шаңырақта»
03.30 Здоровье с Айнур Тажиной
04.00 Q-елі
04.40 Т/х «ТЕК ҚАНА ҚЫЗДАР»
05.00 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы
05.55 Үзіліс

Жұма - Пятница, 11 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Дүлдүлдер дүбірі»
06.00 «Пәленшеевтер-3»
07.00 «Оян!»
09.00 «Приключения Моли»
09.30,21.00 «Зимородок»
11.30 «Neosеть»
11.50 «Fact check»
11.55 «Бір кітап»
12.00 «Дәстүр»
12.45,19.00 Телехикая «Шашу»
13.45 «Күзде келген көктем»
15.00,20.00 «Бахар»
16.00,23.30 «Отравленная жизнь»
18.00 Новости
18.30 Жаңалықтар
22.30 «ОйнаIQ»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

006.00,02.05 «П@утина»
07.00,19.00 «Koremiz-шоу»
08.00 «Қайырлы таң,Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро,Казахстан!»
10.05 «Жить здорово»
11.00 «Давай поженимся»
11.50 «Последняя электричка»
13.00 «Пусть говорят»
14.00,01.35 «Новости»
14.15,01.50 «Жаңалықтар»
14.30 «Qoslike» бағдарламасы
18.30,02.50 «Басты жаңалықтар»
20.00 «Главные новости»
20.30 «Парламент онлайн»
20.50 «Поле чудес»
22.05 «Медвежья хватка»
03.20 «Той базар»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.20 «Қоштасқым келмейді»
09.40 Вечерние новости
10.20 «Катина любовь»
14.20 «Реальная мистика»
16.20 «Тайны»
18.20 «Джелаладдин.Последний правитель»
19.40 «LikeBas»
20.05 «Дау-дамайсыз»
20.40 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние Новости
21.40 «Одно лето и вся жизнь»
01.40 «Маруся»
02.30 «Вскрытие покажет»
03.15 «Тайны»
04.00 «Қоштасқым келмейді»
05.30 «LikeBas»
05.50 «Дау-дамайсыз»
06.15 «Кешкі жаңалықтар»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Саулықтың сыры»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.10 «Біз жанбасақ»
11.50 «Әсем әуен»
12.00 «19 регион»
12.30 «Әсем әуен»
13.00 «Зейнеп апаның әңгімелері»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 «Шыңыраудан шыңға»
14.15 «Жетісу әуендері»
14.30 «Ащы да болса...»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «Әсем әуен»
16.45 «Шіркін-ай»
18.00 «Әсем әуен»
18.30 «Ой-сарап»
19.00 «Достың пашағаты»
19.30 «Абадан»
19.45 «Әсем әуен»
20.00 Қорытынды жаңалықтар (Алматы облысы)
20.30 Қорытынды жаңалықтар (Жетісу облысы)
21.00 Итоговые новости (Алматинская область)
21.30 Итоговые новости (Область Жетысу)
22.00 «Менің балалық шағым»
22.45 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00,04.00 «Әзіл студио»
06.30,01.50 «31 әзіл»
06.50,20.00 Информбюро
08.00 «Буба»
08.30 «Великий Человек паук»
09.00,23.50 «Айдаһарлар шайқасы»
10.10 «Полное погружение»
11.40,19.00 «Ольга»
12.30 «Хеллбой герой из пекла»
15.00 «Такси-4»
17.00 «Такси-5»
21.00 «Особое мнение»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 «Тайм вайн»
03.00 «Тик ток»шоу
03.20.05.00 What 's up?
04.20 1001 Әзіл
04.30 «BALA BATLLE»
05.20 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.02 «Ананди»
07.00 «Әзіл әлемі»
08.00 «Сезім үшін»
09.00,01.50 Жаңалықтар
09.30,02.10 Новости
10.00,20.00 «Великолепный век. Кесем»
11.00,21.00 «Бесценное время»
13.00 «Фактор страха»
14.00 «Миллионеры из общяги»
15.00 «Частная жизнь»
17.00,18.20 «Рәзия Сұлтан»
18.00 «Жаңалықтар.Тікелей эфир»
19.30 Новости.Прямой эфир
22.40 «Султан Разия»
00.20 «Таптым-ау сені»
02.40 «Жұлдыхды шаңырақта»
03.30 «Здоровье с Айнур Тажиной»
04.00 Q-елі
04.40 «Тек қана қыздар»
05.00 «Айгерім Сейфолла»
05.50 Үзіліс

Сенбі - Суббота, 12 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

«Қазақстан» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ХАБАР

05.00 «Jeti qazyna»
07.00 «Жұмыр жердің жұмағы»
09.30 Культурный контекст
10.00 «Побег из Джунглей»
11.30 «Панда и киви»
12.00,20.45 «Земля обетованная»
14.00 «21 ғасыр көшбасшысы»
15.00 «Қызық таймс»
16.15,22.45 «Бишарашки»
18.00 «7күн»
18.45 «Біздің назарда»
19.00 «Кеш жарық!»
00.30 «Әке бақыты»

АСТАНА

«Астана» телеарнасы бағдарламасы телеарна жібермегендіктен жарияланбайды.

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.05 «Той Базар»
07.55,02.20 «П@утина»
08.45,04.35 «Ұлы даланың мұрасы»
09.00 «Qаймақ»
09.35 «Медвежья хватка»
13.05 «Большое зло и мелкие пакости»
17.20 «Три Аккорда»
19.00 «Koremiz»шоу
20.00 «Асау жаңалықтар»
20.30 «Заң мен ел»
20.55 «Любовь советского союза»
00.45 «Ночные стражи»

КТК

07.05 «Мерекелік концерт»
08.00 «Закира»
09.00 «Өнерлі отбасы»
10.00 Вечерние новости
10.40 «Одно лето и вся жизнь»
14.40 «Тайны»
18.30 «Алдараспан»
21.00 «Артистка»
00.40 «Маруся»
02.30 «Тайны»
03.15 «Кешірім»
04.50 «Закира»
05.40 «Өнерлі отбасы»

ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар (Алматы облысы)
09.30 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
10.00 Новости (Алматы облысы)
10.30 Новости (Жетісу облысы)
11.00 «Әсем әуен»
11.10 «Менің балалық шағым»
11.45 «Жетісу әуендері»
12.00 «Біздің өңір»
12.30 «Әсем әуен»
13.30 «Ой-сарап»
14.00 М/ф «Оқсыз оқиға»
14.30 «Абадан»
14.45 «Әсем әуен»
15.00 «Аман болайық»
15.45 «Әсем әуен»
16.50 «Саулықтың сыры»
17.00 «Шашу»
17.35 «Тарихнама»
17.40 «Қазына»
18.00 «Ділмар»
18.40 «Келіп көр»
19.00 «Ұлт ұяты»
19.40 «Менің анам»
20.00 «Біздің өңір»
20.30 «Апта» (Жетісу облысы)
21.00 «Апта» (Алматы облысы)
21.30 «Апта» (Область Жетысу)
22.00 «Апта» (Алматинская область)
22.35 «Әсем әуен»

31 КАНАЛ

06.00,04.40 «Әзіл студио»
07.00,01.20 «Time Vine»
07.30,04.20 «TIK TOK show»
08.00 «Буба»
09.00 «Великий человек-паук»
09.30 «Готовим с Адель»
